

ИГБАЕВА АҚЖАРҚЫН ЕСЕНТАЕВНА

**Фибробетоннан сорғы корпустарын жасаудың технологиясын
дайындау және зерттеу**

8D07110 – «Машиналар мен жабдықтардың сандық инженериясы»
Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу диссертациясы

Ғылыми консультант:
Техника ғылымының кандидаты,
асоц. профессор Қ.К. Елемесов
Шет елдегі ғылыми консультант:
Техника ғылымының докторы,
профессор А.В. Сладковски (Польша)

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
БЕЛГІЛЕНУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ИННОВАЦИЯЛЫҚ НЫСАН РЕТІНДЕ МҮМКІН БОЛАТЫН ӨНЕРКӘСІПТІК ЖАБДЫҚ КОРПУСЫНЫҢ КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ ОРЫНДАЛУЫНА ТАЛДАУ	12
1.1 Ортадан тепкіш сорғылардың негізгі бөлшектері	12
1.2 Ортадан тепкіш сорғыларының корпустарын дайындау мәселелері	18
1.3 Өнеркәсіптік өндірісте фибробетонның қолданылуы	20
1 - бөлім бойынша қорытынды	23
2 КОМПОНЕНТТЕРДІ ТАҢДАУ, ФИБРОБЕТОНДАУ ДАЙЫНДАУ ҮШІН ҚОСПАЛАР МЕН ФИБРОТОЛТЫРҒЫШТАРДЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫН НАҚТЫЛАУ	24
2.1 Фибробетондар жөнінде жалпы деректер	24
2.2 Фибробетондардың қасиеттері	27
2.3 Фиброталшықтың негізгі түрлері	29
2.3.1 Болат фибра	29
2.3.2 Базальттік фиброталшық	30
2.3.3 Шыныталшықты (минералды) фибра	30
2.3.4 Көміртекті фиброталшық	31
2.3.5 Полипропиленді фибра	32
2.3.6 Целлюлозалы фибра	32
2.4 Ұзындығына тәуелді фибраның қолданылуы	34
2 - бөлім бойынша қорытынды	35
3 ОРТАДАН ТЕПКІШ СОҒЫЛАР КОРПУСТАРЫН ДАЙЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ФИБРОБЕТОНДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ҚҰРАМЫН ТАҢДАУ	36
3.1 Фибробетонды дайындаудың бастапқы материалдары	36
3.2 Фибробетон құрылымын зерттеу және құрамын жобалау	44
3.3 Фибробетонның беріктілік сипаттамаларын зерттеу	51
3.4 Фибробетон сипаттамаларының зертханалық зерттеулері	56
3.4.1 Сынақтарға дайындау	56
3.4.2 Қысқамерзімді беріктілік және серпімділік сипаттамаларын анықтау әдістемесі	57
3.4.3 Үлгілерді иілуге сынау	58
3.4.4 Үлгілерді қысуға сынау	60
3.5 Фибробетондардан бөлшектер құю технологиясына техникалық тапсырма	61
3 - бөлім бойынша қорытынды	62

4	СОРҒЫ КОРПУСТАРЫН ФИБРОБЕТОННАН ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ	63
4.1	Фибробетоннан сорғы корпустарын құю жабдығы	63
4.2	Фибробетон қоспаларын дайындау технологиясын жетілдіру	67
4.3	Корпус бөлшектерін құю технологиясын жетілдіру	74
4.4	Консольді типті ортадан тепкіш сорғының 1к 20/30 тәжірибелік үлгісін стендтік сынау	76
4.5	Өндірістік шарттарда фибробетонды корпуспен ортадан тепкіш сорғының гидравликалық сынақтарын жүргізу	79
4.5.1	Сынақ қондырғысы	79
4.5.2	Ортадан тепкіш сорғының стендік сынақтарын жүргізу әдістемесі	83
4.5.3	Нәтижелерді өңдеу	83
4.6	Құйылған үлгілердің сапасы мен нақтылығын сырттан бағалау. Стендтік сынақтар барысында анықталған кемшіліктерді жою	88
4 - бөлім бойынша қорытынды		89
5	ФИБРОБЕТОННАН ЖАСАЛҒАН ОРТАДАН ТЕПКІШ СОРҒЫ КОРПУСЫНЫҢ ІШКІ БЕТІНІҢ ТОЗУ ТӨЗІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ	90
5.1	Сынақтар әдістемесі	92
5.2	Зерттеу нәтижелері	97
5.3	Фибробетонды сорғы корпустарын өндірудің экономикалық тиімділігі. Фибробетоннан 1к 20/30 консольді типті орталықтан тепкіш сорғы корпусын дайындау құнын есептеу әдістемесі	99
	ҚОРЫТЫНДЫ	103
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	105
	ҚОСЫМШАЛАР	114

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Ұсынылып отырған диссертацияда келесі құжаттар мен стандарттарға сілтемелер пайдаланылған:

ҚР БЖҒМ 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидалары.

МЕСТ 7.32-2017 Ақпарат бойынша стандарттар жүйесі, кітапханалық және баспалық жұмыс. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Безендіру құрылымы мен ережелері;

МЕСТ 7.9-95 (ИСО 214 -76) Ақпарат бойынша стандарттар жүйесі, кітапханалық және баспалық жұмыс. Реферат және аннотация. Жалпы міндеттер.

МЕСТ 8.417-2002 Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Шама бірліктері.

БЕЛГІЛЕНУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ТМК	Тау-кен – металлургиялық кешен
ГБМ	Гидравликалық басқару модулі
ПБ	пневматикалық бак
ДД	Потенциометрлік деңгей датчик (бергіш)
ДК	Жоғарғы гидробакта су деңгейінің көрсеткіші
КК	Кері клапан
ҚР	Қысым релесі
В1...В5	вентильдер
ТИ	Су тұтыну имитаторы
ТД	Температура датчигі
ШӨ	Шығын өлшеуіш
МН	манометр
ЭМР	электромагниттік реле
ПЭПА	полиэтиленполиамин
ЭДШ	эпоксидті-диондық шайыр
ДБФ	дибутилфталлата
ТШ	Техникалық шарттар
ММА	эфир метилды метакрилды қышқылдар (мономер метилметакрилат)
МФБ	Минералды фибробетондар
ФНБ	Фибромен толтырылған бетондар
МБ	Модификацияланған бетондар
ФБ	фибробетондар
ПЦБ	фиброцементтік бетондар
ПСИБ	фибросиликатты бетондар
ФКБ	Фиброкүкіртті бетондар
ФАМ	фурфурол-ацетонды шайыр модификацияланған
БҮТ	базальттік үздіксіз талшық
КҚБ	Коммутациялық қорғаныс блогы
ФАЭД	фуранды-эпоксидті шайыр
ЭҚ	гидронасос жетегінің электр қозғалтқышы
РН	Жүктеме кедергісі
А, V, W	амперметр, вольтметр, ваттметр сәйкесінше

КІРІСПЕ

Шешіліп отырған ғылыми техникалық мәселенің заманауи күйін бағалау. Қазіргі уақытта машина жасаудың басты мақсаты, ауқымды қаржы салымдарын талап етпейтін, тиімді, бәсекеге қабілетті техниканың құрылуына әсер ететін, сапасын арттыратын, және бұйымның өзіндік құнын төмендететін заманауи технологиялардың ендіру болып табылады. Инновациялық материалдардан бұйымдар дайындау технологиясы бізге мәлім және негізінен құрылыс материалдарының өндірісінде қолданысқа ие болды, дегенмен соңғы зерттеулердің көрсетуі бойынша, оларды өнеркәсіптік жабдықтар корпустарының материалы ретінде пайдалану мүмкіндігі бар.

Қымбат емес және тереңде орналасқан кен орындарын барлау қарқыны байқалуды. Бұл металдар мен олардан алынатын бұйымдар бағасының қымбаттауына әкеледі. Сондықтан дүние жүзі бойынша металдарды, бағасы арзан, қасиеттері басқарылатын үздік техникалық және технологиялық сипаттамаларына ие композициялық материалдарға алмастыру мүмкіндігі ізделуде.

Тақырыпты жасақтау негіздемесі және бастапқы деректер. Индустриалды революцияның 4.0 заманауи сатысы жаңа конструкциялық материалдардың кеңінен пайдаланылуымен сипатталады, олар техникалық бұйымдардың төзімділігін, оларды дайындау технологиясының жеңілдетуін, құнының төмендеуін қамтамасыз етеді. Ұсынылып отырған диссертация, бірегей қасиеттерге: массаның 2-2,5 есе төмендеуі, агрессивті орталарға жоғары төзімділігі, қосымша механикалық өңдеусіз құю арқылы дайындалуы, біршама төмен құнына ие, ортадан тепкіш сорғылардың корпусын дайындауда фибробетонның тиімді құрамын пайдалануға мүмкіндік береді.

Фибробетонды бұйымдар мен конструкциялардың, оның ішінде әртүрлі сыйымдылықтардың, химиялық улау және электролиздеу ванналарының агрессивтілігі жоғары орталардың әсерімен өндірістік шарттарда эксплуатациялануы, олардың жоғары мықтылығы мен тиімділігін көрсетті. Ортадан тепкіш сорғылардың корпусын және соған ұқсас бұйымдарды дайындау үшін фибробетондардың (металл орнына) пайдаланылуы жаңа және аса тиімді болып табылады.

Берілген зерттеулерді жүргізу негіздемесі ретінде фибробетондар мен композиттерден өнеркәсіптік жабдықтар корпустарын дайындау жөніндегі сұраныс болды. Ол өз қатарында АҚ «АЗТМ» тарапынан қолдау тапты және өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында АҚ ҰАК «Казатомпром» негізгі тұтынушысы болады.

Берілген зерттеулердің бастапқы деректері - машинажасау және ТМК кәсіпорындарында өндіріс шарттары мен сорғы жабдықтарын эксплуатациялаудың нақты күйі болып табылады.

Берілген ғылыми-техникалық жұмысты жүргізу қажеттілігінің негіздемесі. Процесте сорғы жабдықтарын қолданатын, өндіріс тәжірибесіне енгізілуін және инновациялық материалдардан жасалған сорғы жабдықтарының

корпустарын жөндеуді талап ететін Қазақстан Республикасы кәсіпорының жұмыс тиімділігін арттыру. Фибробетоннан жасалатын жеңіл, мықты және салыстырмалы арзан корпустар шойын мен алюминий корпустарын алмастырады және Қазақстан нарығында өз орнын табады.

Жасақтаманың жоспарланған ғылыми техникалық деңгейі, патенттік зерттеулер жөнінде деректер және қорытынды. Диссертацияда жасақтамалардың ғылыми техникалық деңгейі әлемдік үрдісіне сәйкес келеді, ал нәтижелері қолданыстағы мәлім жасақтамалар деңгейінен көптеген көрсеткіштері бойынша жоғары болып келеді.

Зерттеу тақырыбы бойынша 10-15 жыл тереңдігіне патенттік ізденіс жүргізілген, ол ұқсас зерттеулердің жоқтығын көрсетті. Зерттеулер нәтижесі бойынша диссертация тақырыбына сәйкес № 6103 от 28.05.2021 пайдалы үлгіге ҚР патенті алынды, Ж Қосымшасын қараңыз.

Диссертацияның метрологиялық қамтылуы жөнінде деректер. Тәжірибелер жүргізу барысында тексерістен өткен өлшеу құралдары - штангенциркуль, манометрлер, термометрлер, таразы, гидравликалық пресс пайдаланылды

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Машинажасауда сорғы корпустарын дайындаудың негізгі мәселесі өндірістің ұзақ мерзімі болып табылады. Корпус базалық бөлшек болып табылады, оған салыстырмалы орналасуының талап етілетін дәлдігімен өзара қосылатын, жеке жиналатын бірліктер мен бөлшектер монтаждалады. Ол статикалық күйде және сорғыны эксплуатациялау процесінде бөлшектердің өзара орналасу дәлдігінің тұрақтылығын, сонымен қатар жұмыс бірқалыптылығын қамтамасыз етеді.

Корпус бұйымдарының дайындамаларын негізінен балқытылатын үлгілер бойынша құю арқылы дайындайды, алайда ерекшелік ретінде, аса күрделі корпустық бұйымдар дәнекерлеу арқылы дайындалады. Дайындама алудың дұрыс тәсілін таңдау үшін, жалпы құны минималды болатындай, өндеудің ары қарай жүретін механикалық процесін зерделеу қажет.

Ортадан тепкіш сорғылардың корпустарын дайындаудың негізгі мәселесі ұзақ өндіріс мерзімі болып табылады. Осыған байланысты әртүрлі білдектер мен құралдарды пайдаланады, алайда менің зерттеуімде ЧПУ станогы бар аса заманауи білдекті пайдалану көмегімен уақыт шығыны азайтылған.

Жұмысшы жүктемелерді анықтау үшін ауқымды тәжірибелік техниканың болуы, қолданбалы серпімділік теориясының жоғары даму деңгейі, материалдардың физикалық және механикалық қасиеттерін жетік білуі эксплуатациялаудың қалыпты шарттарында жабдықтың ұзақ мерзімді жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ортадан тепкіш сорғылардың істен шығуының негізгі себебі үйкелісетін беттердің тозуы және бұзылуы болып табылады. Ортадан тепкіш сорғылардың зақымдалған бөлшектеріне жүргізілген тексерісі олардың үйкеліс беттерінің ауқымды тозуын көрсетті. Бұл бөлшектер сулы ортаның қатысында жұмыс істейтінін ескеретін болсам, үйкеліс кезінде тозуға әсер ететін негізгі фактор сутекті тозу болып табылады. Ол беттік құбылыстардың: экзо эмиссияның,

адсорбция мен трибодеструкцияның біріккен өзара әрекеттесуі нәтижесінде туындайды, олар сутектің бөлінуіне әкеледі. Металлдың беттік қабатының деформациясы кезінде жүретін тепе-теңсіз процестермен бірге жылулық градиенттер, электрлік және магниттік өрістер мен кернеу өрістері құрылады. Бұл сутектің металға диффузиялануына, оның бет асты қабатында шоғырлануына және жылдам тозуы немесе осы қабаттың бұзылуына әкеледі. Тау-кен металлургия кешенінің кәсіпорындарында жабдықтардың көп бөлігі ауыр эксплуатациялау шарттарында жұмыс істейді. Бұл дегеніміз агрессивті орта, жоғары шаңдануы, температураның күрт ауысуы және т.б. Айтылғандардың ескерілуімен, жабдықтардың корпустары қымбат тұратын металдардан дайындалады, қалыңдығы жоғары, демек, массасы да ауқымды болады, қызмет ету мерзімі төмен, сондықтан жабдықтың толық алмастырылуын, ауқымды материалдық және еңбек шығынын талап етеді.

Сол уақытта, өзге өнеркәсіптік салаларда пайда болған жаңа композициялық материалдар металды алмастыруға және көрсетілген кемшіліктерден арылуға мүмкіндік береді. Машинажасауда осы материалдарды пайдалануға мүмкіндік беретін қасиеттермен жаңа композиттердің ізденісі аса өзекті болып келеді.

Тақырыптың өзектілігі, бетонда фибраның қолданылуы, созу, майыстыру, кесуге төзімділігі, соққы және қажу беріктілігі, сызатқа беріктігі, аязға төзімділігі, су өткізбеуі, ыстыққа төзімділігі және тұтану төзімділігі тәрізді сипаттамалар бойынша аса жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз етуімен байланысты. Оған қоса фибробетондардың айрықша ерекшелігі жоғары анизотроптық және дискреттік көрсеткіштері болып табылады. Мұнда, мұндай белгілер, құрылысы ерекшелігімен және қасиеттерімен өзгешеленетін конструкциялық материалдардың тәуелсіз топқа фибробетондарды бөліп алуға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған диссертация аталған мәселелерді, ерекше қасиеттерге ие жаңа композициялық материалдарды және оларды дайындау технологиясы мен қолданысын іздеу арқылы шешуге арналған, бұл аса өзекті.

Берілген жұмыстың мақсаты машина жасау кәсіпорындарының тиімділігін жақсартылған сипаттамаларына және сәйкес эксплуатациялау шарттарына ие фибробетондар мен композициялық материалдардың пайдаланылуымен ортадан тепкіш сорғылардың корпустарын дайындаудың жаңа технологиясын жасақтау есебінен арттыру болып табылады.

Жұмыстың негізгі түйіні құрамдас компоненттердің қатынасын оңтайландыру арқылы фибробетон материалдарының және олардан бұйымдар дайындау технологиясының сипаттамаларын реттеу мүмкіндігі болып келеді.

Зерттеу әдістемесі. Диссертацияны орындау барысында ғылыми техникалық әдебиеттің сыни талдауы мен өнеркәсіптік өндіріс тәжірибесін, теориялық зерттеулер жүргізілуін, зертханалық тәжірибелерді, конструкторлық-технологиялық жасақтауларды, стендтік сынақтарды, математикалық статистика әдісімен тәжірибелік нәтижелерді статистикалық өңдеуді қамтитын кешенді зерттеу әдісі пайдаланылды.

Зерттеу міндеттері. Зерттеу жүргізу барысында келесі міндеттердің шешілуі талап етілді:

- Жоғары беріктілік сипаттамаларына ие жаңа композициялық материалдар үшін жаңа материалдар ізденісі.

- Жақсартылған беріктілік және технологиялық сипаттамаларына ие бұйымдардың алынуын қамтамасыз ететін композициялық материалдар компоненттерінің тиімді қатынасын теориялық негіздеу.

- Фибробетоннан бұйымды құю үшін арналған құрал мен одан сорғы корпустарын дайындау технологиясын жасақтау.

- Ұсынылып отырған техникалық және технологиялық шешімдердің тиімділігін бағалау.

Зерттеу нысандары болып сорғы жабдықтарын өндіру технологиясы мен машина жасауда пайдаланылатын конструкциялық материалдар табылады.

Зерттеу предметі – машина жасау өндірісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін фибробетон қоспалары.

Қорғауға шығарылған ғылыми тұжырымдамалар:

1. Фибробетоннан жасалған корпустар жаңа тиімді химиялық төзімді бұйымдар, берік жеңіл бұйымдар болып келеді, олардың минералды толтырғыштармен және бітеуіштермен толтырылу дәрежесі массаның 90–95% дейін жетеді, ал арматуралы компонент ретінде фибра пайдаланылады.

2. Машинажасауда конструкциялық материал ретінде пайдалануға болатын фибробетон бітеуішінің түйіршік өлшемі үзілісті болу қажет, ал оның рационалды құрылымы үшкомпонентті болу қажет, мұнда әрбір бітеуіш тобының өлшемі біршама ерекшеленуі қажет.

3. Сорғылар корпустарының өндірісінде қолданылатын фибраның жүктемеге беріктілігі жоғары болуы, аз отыруы, сызаттар түзілмеуі, температура мен ылғал әсерінен қасиеттерін жоғалтпауы қажет.

4. Берілген беріктілік сипаттамаларымен фибробетон алу үшін компоненттердің араласуы, араластырғыштың жұмыс бөлігінің 2...3 минут бойы 600-800 айн/мин айналу жиілігімен жүрі қажет, ал дайын бұйымның кептірілуі 80 °С температурада жүзеге асырылуы қажет.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

1. Қоспаға қосылған фибра көлеміне тәуелді бұйым беріктігінің өзгеру заңдылығы орнатылды, бұл берілген беріктілік сипаттамаларымен сорғылар корпустарын жобалауға және алуға мүмкіндік береді.

2. Түйіршік өлшемі үзік болатын толтырғыштарына ие фибробетонды қоспалардың рационалды құрылымының үлгісі жасалды, бұл машинажасауда оны конструкциялық материал ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін, тығыздығы мен беріктілігі жоғары фибробетон алуға мүмкіндік береді.

3. Қоспа түзілуі режимдерінің (араластырғыштың жұмыс бөлігінің айналу жиілігі, компоненттерді араластыру уақыты), байланыстырушы (эпоксидті шайыр) температурасы мен дайын бұйымды кептіру температурасының қатайған фибробетон беріктігіне әсерінің заңдылықтары орнатылды, бұл

фибробетоннан бұйымдар дайындаудың тиімді технологиялық режимдерін негіздеуге мүмкіндік береді.

Ғылыми тұжырымдамалардың, нәтижелер мен ұсыныстардың **негіздемесі мен деректілігі** стандартты сынақтан өткізілген зерттеу әдістемелері мен әдістерінің пайдаланылуына, физикалық және химиялық заңдардың қолданылуына, жоғары корреляция көрсеткішімен тәжірибелер нәтижелерін статистикалық өңдеу әдістерінің қолданылуымен алынған, теориялық және тәжірибелік деректер нәтижелерінің жоғары сәйкестігімен негізделеді.

Жұмыстың тәжірибелік мәні. Жаңа композициялық материал – фибробетон қолданылуының техникалық және технологиялық мүмкіндігі, экономикалық тиімділігі дәлелденді, ортадан тепкіш сорғыларының корпустарын дайындау материалы ретінде оңтайлы құрамы ұсынылды. Фибробетон қоспаларының рационалды құрамын таңдаудың жасалған әдістемелері, оларды дайындау технологиялары мен ортадан тепкіш сорғылар корпустарын дайындау технологиялары машина жасауда жоғары сипаттамалармен эксплуатациялау кезінде тиімді пайдаланылуы мүмкін.

Автордың жеке үлесі диссертациялық зерттеу тақырыбын баяндаудан және негіздеуден, міндеттерді қою және теориялық, тәжірибелік зерттеулер жүргізуден, ғылыми тұжырымдамаларды баяндаудан, олардың жағалығын дәлелдеуден, жүргізілген жұмыстың әдістемелік қамтылуын жасақтаудан, қорытындылар мен ұсыныс беруден тұрады.

Жұмыс сынамасы. Докторантурада білім алу барысында 11 жұмыс жарияланды, оның ішінде Q2 жоғары квартильді Scopus (Naukovyi Visnyk NHU, Web of Science) деректер базасында рецензияланатын журналдарда 2 мақаланы; Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында бақылау комитетімен ұсынылған журналдарда 3 мақаланы; РИНЦ ұсынылған журналда 1 мақаланы; Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 5 баяндаманы қамтиды, оның үшеуі қиыр шығыс мемлекетінде (Румыния).

Диссертация бойынша зерттеулер нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды және оң бағасын алды: II International Conference Essays of Mining Science and Practice. (2020); Международная научно-практическая конференция Труды Сатпаевских чтений "Сатпаевские чтения - 2020"; 2 nd International Scientific and Technical Internet Conference "Innovative Development of Resource-Saving Technologies of Mineral Mining and Processing" Book of Abstracts. - Petroşani, Romania: UNIVERSITAS Publishing, (2019); Сборник трудов Международной научно-практической конференции «Рациональное использование минерального и техногенного сырья в условиях индустрии 4.0» (2019).

Зерттеу нәтижелері ғылыми-техникалық кеңестерде талқыланды: ЖШС «Хайдаромунай», Қызылорда қ. (2019, 2020); ЖШС «Эман -Эксперт» Кызылорда қ. (2019); АҚ «АЗТМ» (2020). «Технологиялық машиналар және транспорт» кафедрасының ғылыми семинарларында, «Satbayev University» (2019-2022 год).

Диссертация көлемі мен құрылымы

Диссертация кіріспеден, 5 бөлімнен, негізгі қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер көзінің тізімінен және 12 қосымшадан тұрады.

Диссертация көлемі машина баспалық текстiнiң 153 бетiнен, 27 кестеден, 54 суреттен, 112 әдебиет атауынан тұрады.

1 ИННОВАЦИЯЛЫҚ НЫСАН РЕТІНДЕ МҮМКІН БОЛАТЫН ӨНЕРКӘСІПТІК ЖАБДЫҚ КОРПУСЫНЫҢ КОНСТРУКЦИЯЛЫҚ ОРЫНДАЛУЫНА ТАЛДАУ

1.1 Ортадан тепкіш сорғылардың негізгі бөлшектері

Ортадан тепкіш сорғылардың конструкциясы әртүрлі. Алайда олардың барлығы келесі негізгі бөлшектерді қамтиды:

- корпус
- жұмысшы доңғалақ
- келтіру, шығару
- білік
- нығыздауыш
- мойынтірек

Алайда маған оларды дайындау материалдарын инновациялыққа (фибробетонға) алмастыру тұрғысынан:


Сорғы корпусы қызықтырады.

Негізінен *шиыршықты* және *секциялық* корпусстар қолданылады.

Шиыршықты корпусстар бір сатылы (бір жұмысшы доңғалағы бар) және көп сатылы сорғылар үшін қолданылады. Шиыршық типті сорғы корпусы, пішіні әртүрлі қабықшалардан, әртүрлі жүктелген және бекітілген еркін пішінді пластиналардың бір қатарынан және т.б. тұратын күрделі бөлшек болып келеді. Консольді сорғы үшін мұндай корпус не жеке құйма түрінде, не қақпағымен және келтекұбырымен орындалуы мүмкін (сурет 1). Өтпелі білікті, яғни бір аралықты сорғылар, яғни жұмысшы доңғалағы немесе доңғалақтар мойынтірек (тіректер) арасында орналасқан жағдайда шиыршықты корпусқа ие болады, ол екі бөліктен: төменгі бөлігі мен қақпақтан тұрады, өзара шпилькалармен байланысады (сурет 2) [1].




Сурет 1 – Консольді сорғының шиыршықты корпусы



Сурет 2 – Біраралықты сорғының шиыршықты корпусы

Корпустың төменгі бөлігінде ажырату жазықтығының болуы және кіру мен шығу келтеқұбырларының орналасуы сорғыны шашу және жинау кезінде белгілі бір ыңғайлылықты тудырады. Шиыршық типті сорғылар корпустарын кіру және шығу келте құбырларының әртүрлі орналасуымен орындауға болады.

Көпсатылы сорғылардың шиыршықты корпустарының (1-3 суреттер) бірсатылы сорғылар корпустарымен көптеген ортақ шешімдері бар. Олар күрделі пішінді құймалар болып келеді. Сатыларды құймада жасалған ауыстыру каналдарымен немесе ауыстыру құбырларының көмегімен біріктіреді. Ірі және орта сорғылардың шиыршықты корпустарында сорғы осімен өтетін жазықтықта көлбеу ажыратқышы болады, бұл эксплуатациялау орнында құбырөткізгіштердің бөлшектеуінсіз сорғылардың ішкі су өткізу каналдарының күйін бақылауға, оларды шашып, жинауға мүмкіндік береді [2].



Сурет 3 – Ортадан тепкіш екі сатылы сорғының көлбеу ажыратқышы


Ажыратқышы болған жағдайда, сорғының кіру және шығу келтеқұбырларын корпустың төменгі бөлігінде жасайды. Мойынтірек корпусын бекіту үшін оған қосымша тіреуіш табандары мен кронштейндер құйылады. Жиі мойынтіректерді көлденең орналастырады және қарама қарсы жаққа

бағыттайды. Корпустың төменгі бөлігінде сорғыны толық босату үшін арналған саңылау қарастырады [3].

Корпустың қақпағында ауа шығару үшін арналған ұқсас саңылаулар болу қажет. Сорғының жұмыс барысында бұл саңылауларды тығынмен жабады.

Сорғыларды тасымалдау үшін, корпуста ілгек түрінде арнайы құймалар, қатайту қабырғаларында құлақтар немесе рым-болттар үшін дөңесшелер жасайды.

Секциялық корпус сорғы осіне перпендикуляр орналасқан ажырату жазықтықтары, өзара тартпалы шпилькамен қосылған кіру және шығу қақпалары бар секциялар жиынтығы болып келеді. Кіру және шығу қақпалары сорғының негізгі бөлшектері болып табылады. Қақпаларда сәйкесінше кіру және шығу келтеқұбырлары орналасқан. Секциялық сорғы қимасы 4 суретте келтірілген [4].




Сурет 4 – Секциялық сорғы қимасы

Сорғы корпусы қабырғасының қалыңдығы, айдалатын орта температурасында арын ұлғаюына және айналу жиілігінің артуына рұқсатының ескерілуімен максималды жұмысшы қысымға және қоршаған орта температурасында гидростатикалық сынақтан қысымына сәйкес келу қажет.

Жұмысшы корпуста рұқсат етілген максималды қысым максималды айдау қысымынан жоғары немесе тең болу қажет [5].

Жұмысшы доңғалақ: энергияны түрлендіру және оны берілетін сұйық ортаға жеткізу үшін арналған.


Жұмысшы доңғалақтардың бірнеше конструкциясы бар. 5 суретте бір жақты кіре берісі бар жабық жұмысшы доңғалақтың қимасы мен жалпы түрі көрсетілген. Ол, ортасына қарай дөңгелекті білікке бекіту үшін күпшекке 4 өтетін артқы (ішкі) дисктен 1 және алдыңғы (сыртқы) дисктен 3 тұрады. Дисктер арасында қалақшалар 2 орнатылған, олар цилиндрлі немесе кеңістіктік пішінге ие болуы мүмкін. Суөткізу сорғыларының жұмысшы доңғалақтарында әдетте 6...8, ал канализациялықта 1...4 қалақша болады.



а — қима; б— жалпы түрі.

Сурет 5 – Бір жақты кіре берісі бар жабық типті ортадан тепкіш сорғының жұмысшы доңғалағы


Шағын сорғылар үшін кейде жұмысшы доңғалақтар ашық типті жасалады (сурет 6). Олардың айрықша ерекшелігі алдыңғы дисктің жоқтығы болып табылады. Мұнда шағын саңылауы бар доңғалақ сорғының алдыңғы қақпағымен ұштасады. Мұндай сорғылардың ПӘК төмен болады, себебі гидравликалық жоғалымдары ұлғаяды.



1- артқы диск, 2 - қалақша, 3 – күпшек.

Сурет 6 – Ашық типті ортадан тепкіш сорғының жұмысшы доңғалағы


7 суретте екі жақтан кіреберісі бар жұмысшы доңғалақтың қимасы мен жалпы түрі көрсетілген.



Сурет 7 – Екі жақты кіреберісі бар жұмысшы доңғалақ

Құрамында абразивті материалдар болатын сұйық ортаны айдайтын арнайы сорғылар (топырақ сорғыш) үшін жұмысшы доңғалақтар қаттылығы жоғары болатын марганецті және өзге легіріленген болаттан орындалады. Кейбір жағдайларда, арнайы сорғылар үшін жұмысшы доңғалақтың ағын бөлігінің беті футерленеді, яғни әртүрлі материалдармен (иілгіш, коррозияға қарсы және т.б.) жалатылады. Коррозиялық қасиеттері жоғары болатын сұйық ортаны беру үшін, жұмысшы доңғалағы қоладан жасалған сорғылар пайдаланылады. Қышқылдық сорғыларда арнайы материалдардан (темір-кремний қорытпасы, темір-хром қорытпасы, титан қорытпалары) жасалған жұмысшы доңғалақтар қолданылады. Соңғы жылдары жұмысшы доңғалақтарын дайындауда әртүрлі материалдар мен фибро материалдар кеңінен пайдаланылады [6].

Келтіру (келтіру құрылғысы) сорғының сору жағында орнатылады. Ол төмен гидравликалық жоғалыммен жұмысшы доңғалақтың сору жазықтығына сұйық ортаның кіруін қамтамасыз етеді. Ортадан тепкіш сорғыларда енгізулер осьтік (сурет 8 а, б, в), бүйірлік (сурет 8 г) және жартылай шиыршықты болып келеді. Осьтік енгізулер цилиндрлік (сурет 8 а), конустық жинақты (конфузорлық) (сурет 8 б) және конустық жинақталмайтын, яғни диффузорлық (сурет 8 в) болуы мүмкін. Осьтік енгізулерді, сорғының алдыңғы қақпағымен бір тұтас етіп құйылған мойынтірек түрінде орындайды. Аз гидравликалық жоғалымдарды осьтік енгізу қамтамасыз етеді, алайда ол сорғы өлшемдерін осьтік бағытта ұлғайтады және сондықтан шағын өлшемді сорғыларда пайдаланылады. Бүйірінен келтіру (сурет 8 г) конструкциялық түрде аса шағын, алайда гидравликалық жоғалымдары ауқымды, жиі ол көпсатылы сорғыларда пайдаланылады.




а – цилиндрлік типті келтірудің конструкциялық сұлбасы, б – конустық жинақталатын (конфузорлық) типті келтірудің конструкциялық сұлбасы, в – конустық жинақталмайтын (диффузорлық) типті келтірудің конструкциялық сұлбасы, г. – Бүйірлік типті келтірудің конструкциялық сұлбасы.

Сурет 8 – Келтіру құрылғының сұлбалары

Бұрмалар жұмысшы доңғалақпен арын құбыржолына тасталатын сұйық ортаны бұру үшін арналған. Конструкциялық түрде, ортадан тепкіш сорғылардың бұрмалары әдетте корпуспен біріктірілген және шиыршықты немесе сақиналы канал түрінде, сонымен қатар бағыттаушы аппарат түрінде

орындалады. Шиыршықты бұрмада (сурет 9 а), жұмысшы доңғалақ айналасында орналасқан каналдың көлденең қимасының ауданы арын құбыржолының келте құбырына жақындаған сайын (сұйықтық мөлшеріне пропорционал) жоғарылайды. Каналдардың қимасы әртүрлі болуы мүмкін. Динамикалық арыннан статикалыққа түрленуі бұрма диффузorida жүреді. Шиыршықты бұрмалар төмен гидравликалық кедергіге ие және жеткілікті жиі пайдаланылады (әсіресе таза орталар үшін). Механикалық қосындылары бар сұйық орталарды айдау үшін арналған сорғылар көлденең қимасының ауданы тұрақты болатын сақиналы типті бұрмалармен жабдықталады (сурет 9 б). Кейбір сорғыларда жұмысшы доңғалақтан сұйық ортаны бұру қозғалмайтын бағыттаушы аппарат көмегімен жүзеге асырылады [7].



а - шиыршықты бұрма, б – сақиналы типті бұрма, в – бұрмалар қимасының пішіндері, г - бағыттаушы аппарат.

Сурет 9 – Ортадан тепкіш сорғының бұрмалары

Сорғы корпусы қабырғасының қалыңдығы, айдалатын орта температурасында арын ұлғаюына және айналу жиілігінің артуына рұқсатының ескерілуімен максималды жұмысшы қысымға және қоршаған орта температурасында гидростатикалық сынақтар қысымына сәйкес келуі қажет.

Жұмысшы корпусқа рұқсат етілген максималды қысым максималды айдау қысымынан жоғары немесе тең болуы қажет.

Көлденең көпсатылы (3 және жоғары сатылы) сорғылардың қос корпустарының және әдетте сору кезінде қысым әсеріне ұшырайтын корпустары осы тік ажырайтын сорғылардың жазықтықтарын, шыға берістегі қысым әсеріне

есептеудің қажеті жоқ (тұтынушы сорғының кіреберіс жағында жүк түсіру қақпағын немесе осыған ұқсас құрылғыны монтаждау дұрыстығын қарастыру қажет). Тұтынушы, тік герметикалық сорғы кіреберісінің максималды арын қысымына сәйкес келуін немесе ұстап тұруын анықтау қажет (бұл, егер 2 және одан артық сорғылардың ортақ арын жүйесі болғанда өте орынды болады). Кез келген материалдан жасалған бөлшек конструкциясында туындайтын рұқсат етілген кернеу мөлшері, осы материал стандарттарында көрсетілген шамадан артық болмау қажет. Қысыммен жұмыс істейтін бөлшектерді есептеу әдісі және материалды таңдау кезінде беріктілік қоры заңды күші бар ұлттық стандарттарға сәйкес келуі қажет.

Қысыммен жұмыс істейтін бөлшектер қабырғасы қалыңдығының коррозия әдібі минимум 3 мм тең болуы қажет, алайда жеке негізделген жағдайларда одан төмен де болуы мүмкін.

Максималды арын қысымы, қос корпусты сорғылар, көлденең көп сатылы (3 және одан жоғары сатылар) сорғылар және корпусы осьтік ажыратылған сорғылар жағдайларынан басқа, анықталуына қарай қысымда тұрған корпустың барлық бөліктері үшін қолданылуы қажет.

Қос корпусы бар сорғылар үшін ішкі корпус ішкі қысымдардың максималды айырмасына есептелуі қажет. Егер ішкі қысымдардың максималды айырмасы 0,35 МПа төмен болса, онда сорғының ішкі корпусы 0,35 МПа қысымына есептелуі қажет.

Температуралар айырмасына немесе өзге себептерге байланысты сорғы мен келтіру арасында осьтік сәйкессіздік туындау қаупі болған жағдайда, оны минимизациялау үшін сақтандыру шаралары қабылдануы қажет, мысалы, оське қатысты тіректерді дәлдеу, тіректерді салқындату, алдын ала түзету [8].

1.2 Ортадан тепкіш сорғыларының корпустарын дайындау мәселелері

Ортадан тепкіш сорғыларының корпустарын дайындаудың негізгі мәселесі өндірістің ұзақ мерзімі болып табылады. Осыған байланысты әртүрлі білдектер мен құралдар, ЧПУ білдектерін пайдаланады. Сорғылар корпустары негізгі бөлшек болып табылады, мұнда жеке жинақталатын бірліктер мен бөлшектер монтаждалады, олар өзара салыстырмалы орналасудың талап етілетін дәлдігімен біріктіріледі. Ол статикалық күйде және сорғыны эксплуатациялау процесінде бөлшектердің өзара орналасу дәлдігінің тұрақтылығын және жұмыстың бірқалыптылығын қамтамасыз етеді. Сорғы корпусы кеңістікте орналасқан күрделі ішкі және сыртқы беттері бар негізгі корпустық бөлшек болып табылады. Олардың аса жауаптылары, сызбада көрсетілген дәлдігінің және бетінің бұдырлығының қамтамасыз етілуімен механикалық өңдеуге ұшырайды [9].

Ортадан тепкіш сорғылардың істен шығуының негізгі себебі үйкелісетін беттердің тозуы және бұзылуы болып табылады. Ортадан тепкіш сорғылардың зақымдалған бөлшектеріне жүргізілген тексерісі олардың үйкеліс беттерінің ауқымды тозуын көрсетті. Бұл бөлшектер сулы ортаның қатысында жұмыс істейтінін ескеретін болсақ, үйкеліс кезінде тозуға әсер ететін негізгі фактор

сутекті тозу болып табылады. Ол беттік құбылыстардың: экзо эмиссияның, адсорбция мен трибодеструкцияның біріккен өзара әрекеттесуі нәтижесінде туындайды, олар сутектің бөлінуіне әкеледі. Металлдың беттік қабатының деформациясы кезінде жүретін тепе-теңсіз процестермен бірге жылулық градиенттер, электрлік және магниттік өрістер мен кернеу өрістері құрылады. Бұл сутектің металға диффузиялануына, оның бет асты қабатында шоғырлануына және жылдам тозуы немесе осы қабаттың бұзылуына әкеледі.

Кавитациялық эрозия шарттарында алюминий және марганецті қола өз өзін жақсы көрсете білді. Осының салдарынан, сонымен қатар өзінің жоғары коррозияға төзімділігімен олар ортадан тепкіш сорғылар бөлшектерін, әсіресе жұмысшы доңғалақтар дайындауда кеңінен қолданысқа ие болды. Алайда салыстырмалы төмен беріктілік көрсеткіштері салдарынан, қоладан тек шағын өлшемді бөлшектерді дайындайды. Кавитация шарттарында жұмыс істейтін ірі ортадан тепкіш және осьтік сорғылар бөлшектерін темір-көміртекті қорытпалардан дайындайды.

Фибробетондардың жоғары механикалық беріктілігі мен тозуға төзімділігі оларды машинажасауда металдар орнына қолдануға мүмкіндік береді, бұл машина бөлшектері салмағының ауқымды төмендеуіне әкеледі, оған қоса, тапшы түсті металдарды үнемдейді. Болат беріктілігіне жақын, ерекше жоғары беріктілігіне, негізінде бөліктерге бөлінген, жиі, жібі эпоксидті, полиэфир немесе өзге шайырмен бекітілген мата немесе төсеніш түрінде болатын шыны талшықтарынан тұратын аталмыш фибробетондар ие. Фибробетондардан бұйым дайындаған кезде қосымша механикалық өңдеусіз жүруге болады, және сондықтан қалдықтар болмайды (жоңқа түрінде). Фибробетондар, металдар сияқты коррозияға ұшырамайды, осының салдарынан олар машинажасауда, сонымен қатар аппараттар, сорғылар, құбырлар, крандар мен т.с.с дайындауда, химия және тамақ өнеркәсібінде - ыдыстар мен буып тую материалдарын алуда өз қолданысын тапты. Фибробетонның электр оқшаулауыш қасиеті - оны электротехникада алмастырылмайтын материал етеді [10].



Сурет 10 – Фибробетон қоспаларынан құюға арналған ортадан тепкіш сорғыларының элементтері

1.3 Өнеркәсіптік өндірісте фибробетонның қолданылуы

Композициялық материалдарды пайдаланудың өзге келешекті бағытарының бірі ретінде фибробетонның машина жасауда қолданылуын айтуға болады.

Фибробетон – бұл цементтік бетон қалдықтарын жою мақсатында құрылған бетондардың жаңа түрлері тобының жалпы атауы, мұнда минералды ұстастырғыш – цементті фибролармен – полиэфир немесе эпоксидті шайырлармен алмастырады. Байланыстырушы ретінде пайдаланылатын терморреактивті фибро заттар, негізінен, құрылыс өндірісінде «шайыр» деп аталады. Химиялық технологияда, молекулалық массасы 100...1000 аралығында болатын бір бөлігін фибраланған бұл өнімдер, ары қарай беріктендіруге қабілетті сызықты молекулалар құрылымына ие. Олар «олигомерлер» деп аталады. Терморреактивті олигомерлі байланыстырушыларға, мысалы, эпоксидті және полиэфир шайырлары, олифтер, көрікші мен каучуктар қоспасы және өзге заттар жатады.

Фибробетондардың қолданылу тарихы өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан басталады. Фиброцемент қолданудың алғашқы патенті 1923 жылы Крессонға берілді [11]. Бір жылдан кейін Лефебр, араластыру кезінде құрамын таңдау арқылы, табиғи каучук латекстерін пайдалана отырып, фибра латексімен модификацияланған жүйеге патент алды [12]. 20- және 30-шы жылдары, табиғи каучук латекстерінің пайдаланылуымен фибромен модификацияланған ерітінді мен бетон жасалды.

1932 жылы Бондуға патент берілді, ол алғаш болып, фибромен модификацияланған жүйелер үшін синтетикалық каучук латекстерін пайдалануды ұсынды [13]. Бір жылдан кейін Родвелл модификацияланған жүйелер үшін, поливинилацетатты шайырларды қоса алғанда, синтетикалық шайырлар латексін пайдалануға патент алды [14].

1940 жылдары фибромен модификацияланған ерітінділер мен бетондарды көпір, еден, көпір жолдарын төсеу үшін, сонымен қатар коррозияға қарсы жабындылар ретінде пайдалана бастады. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап модификацияланған ерітінділер мен бетондар АҚШ, ФРГ, Жапония, Ұлыбритания мен бірқатар өзге мемлекеттерде кеңінен енгізіле бастады. Ю.С. Керкинек [15], Нашики және Охама [16], В.И.Соломатов [17], Сталкин [18], Патуроев [19], Вильсон [20], Крипс [21] және т.б. бастауымен бұл бағытта бірқатар ірі зерттеулер жүргізілді.

Қазіргі уақытта әртүрлі мақсаттағы тиімді жоғары сапалы бетондар алудың және композициялық ұстастырғыш заттарды пайдалану есебінен өндірістің барлық сатыларында түзілетін құрылымын басқару арқылы эксплуатациялау мықтылығын арттырудың, кешенді химиялық модификаторлар мен белсенді минералды компоненттерді қолданудың теориялық негіздері жеткілікті толық жасақталды.

Фибролар синтезі саласында химияның жетістіктері, сан түрлі қасиеттерге ие материалдар дайындаудың айтарлықтай шексіз мүмкіндіктерін ашады. Фибролардың синтездеу және модификациялаудың жаңа тәсілдерінің ашылуы

мономерлер мен олигомерлердің, софифролар – блоксофифролар мен ұласқан софифролардың жаңа түрлерін алуға мүмкіндік береді. Осы тұста айта кету керек, фибро материалдары, оның ішінде синтетикалық шайырлар әлі салыстырмалы қымбат және тапшы, сондықтан олардың құрылыста қолданылуы жоғары толтырылған композициялар түрінде аса тиімді [22].

Өндірісте, өз құрамында органикалық және бейорганикалық компоненттерді ойдағыдай қиыстыратын материалдар пайдаланылады, бұл бұйымдар жоғары тығыздығына және жеңілдігіне ие. Минералды қаңқасы мен фиброның бір жүйеге біріктірілуі, дәстүрлі материалдарға қарағанда аса жоғары қасиеттерімен ерекшеленетін жаңа композициялық материалдарды алуға мүмкіндік береді [23-25].

Конструкциялық фибробетондар су өткізбейді және айтарлықтай сіңірмейді. Термопластиналы байланыстырушылар негізіндегі фибробетондарды ғимарат ішінде және ашық ауада қолдануға болады.

Отандың және шетел әдебиеттерінде [26, 27] келтірілген деректер бойынша орнатылғандай, фибра түріне тәуелсіз, дисперсті арматуралау көмегімен бетонның соққыға төзімділігін бірнеше есе арттыруға болады. Сонымен қатар, соққы әсеріне кедергісінің жоғарылау көрсеткіші қолданылатын фиброталшықтың геометриялық өлшемдеріне, арматуралау пайызына және конструкцияны дайындау технологиясына тәуелді деп саналады [28].

Фиброталшықтың соққыға төзімділігіне әсерінің сипаттамалары 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Фибро талшықтарының саны және оның фибробетондардың соққыға төзімділігіне әсері

Фиброталшық түрі	Көлемдік арматуралай пайызының көрсеткіші	Фиброталшық өлшемі	Соққыға төзімділігі, Дж/см	Тиімділік коэффициенті
1	2	3	4	5
Фибрасыз бетон	–	–	10,0	1,0
Кешенді капрон жібі, қиындылар	0,1	10×0,02	11,5	1,1
	0,92		30,0	3,0
	1,84		52,0	5,2
	2,8		65,0	6,5
	3,7		74,0	7,4
Кешенді капрон жібі, қиындылар	0,1	20×0,2	12,0	1,2
	0,92		48,0	4,8
	1,84		75,0	7,5
	2,8		95,0	9,5
	3,7		87,0	8,7
Жоңғыланған болат фиброталшық (ұзындығы бойынша талшықты анкерлер)	2,92	36×0,6	97,5	9,8

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Сымнан алынған болат фиброталшық (дөңгелек қимасы, ұзындығы бойынша талшықты анкерлер)	1,35	50×0,5	70,0	7,0
Болат жонушы фиброталшық	5,07	11×0,16	261,0	26,1

Фибробетондардың механикалық қасиеттерінің сипаттамасы оны динамикалық әсерге ұшырайтын конструкциялар үшін қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қоса дисперсті – арматураланған бетон жеткілікті жоғары ұзаққа жарамдылығымен жұқа қабырғалы конструкциялар өндірісі үшін жарамды [29].

Дисперсті – арматураланған бетондарда созу талшықтарын фиброталшық өзіне қабылдайды, есебінен фибробетонды конструкциялардың бұрыштары мен шет жақтары күшейеді, отыруының төмендеуіне және сызатқа беріктігінің жоғарылауына әсер етеді. Сонымен қатар, бетонға қосымша қаттылықты алуға және беріктілік сипаттамаларын ұлғайтуға көмектеседі, бұл жоғары жүктемелерді ұстап тұруға қабілетті конструкцияларды жасақтауға мүмкіндік береді.

Жоғары физика-механикалық сипаттамаларына ие мұндай фибробетондар алу шарттарының бірі ірі толтырғыштан бас тарту болып табылады, ал ұсақ толтырғыш үзілмелі түйіршікті құрамға ие болу қажет. Бұл кезде, бетон қоспасының түйіршікті қаңқасының барлық компоненттерінің жайласуын қамтамасыз ететін толтырғыштың гранулометриялық құрамы сақталуы тиіс. Берілген құрамы, ірі толтырғыш қоспасымен салыстырғанда талшықтардың біркелкі таралуын сипаттайды.

Фибробетон сапасының көрсеткіші түйіршіктің құрылымы мен пішініне, тығыздығына, қаттылығы мен беріктілігіне тәуелді, толтырғыштың химиялық құрамына да және минералогиялық құрамына да тәуелді.

Фибробетондар құрылымын жетілдіру келешегі мен тиімділігі әртүрлі органикалық және бейорганикалық қоспалардың кеңінен пайдаланылуында болып келеді. Модификациялаушы қоспалар гидратация және кристалдандыру процестеріне, яғни қатты цемент тастың құрылымына әсер етеді және бетон қасиеттерін өзгертеді. Қолданылатын қоспалар тізімдемесі өте ауқымды.

Фибробетон қасиеттері ұзындығына және ұзындығының фиброталшық диаметріне қатынасына тәуелді. Теория бойынша, ұзындығының диаметріне қатынасы жоғары болатын ұзын фиброталшықтар, қысқасына қарағанда жақсы. Фибра ұзындығы артқан сайын, бетонның жалпы беріктілік көрсеткішіне әсері жоғарылайды. Алайда ұзын талшықтарда фибробетон дайындау шарттары нашарлайды, себебі олар бетонда нашар таралады. Осыған байланысты бір шарт орындалу қажет – талшық ұзындығы аса ірі толтырғыштың қос диаметрінен артық болу қажет [30].

1-бөлім бойынша қорытынды

Машинажасауда композициялық материалдар пайдаланылуын кеңейту мәселесінің күйіне жүргізілген талдау көрсетуі бойынша, қазіргі уақытта мұндай жаңа материалдарды пайдаланудың мүмкіндігін, тиімділігі мен үнемділігін негіздейтін зерттеулер аз. Мұндай мақсатта, талдау көрсетуі бойынша бірқатар ғылыми-техникалық және жобалық-конструкторлық міндеттерді шешу қажет:

- Жоғары беріктілік сипаттамаларымен жаңа композициялық материалдар үшін материалдау іздеу.

- Жақсартылған беріктілік және технологиялық сипаттамаларымен бұйымдардың алынуын қамтамасыз ететін, композициялық материалдан компоненттерінің тиімді қатынасын теориялық негіздеу.

- Фибробетондан бұйым құю үшін арналған құралы мен одан сорғы корпустарын дайындау технологиясын жасақтау.

- Ұсынылып отырған техникалық және технологиялық шешімдердің тиімділігін бағалау.


2 КОМПОНЕНТТЕРДІ ТАҢДАУ, ФИБРОБЕТОНДАУ ДАЙЫНДАУ ҮШІН ҚОСПАЛАР МЕН ФИБРОТОЛТЫРҒЫШТАРДЫҢ ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫН НАҚТЫЛАУ

2.1 Фибробетондар жөнінде жалпы деректер

Арматурадан тұратын бетондар армофибробетондар деп аталады (ары қарай фибробетондар). Арматура материалына тәуелді болатфибробетон, шыныфибробетон және т.с.с. бөлінеді. Арматура өзек және сым немесе жеке талшықтар – дисперсті арматура түрінде болуы мүмкін. Дисперсті арматура ретінде жіңішке сым кесінділерін, шыны, тау жыныстарының жіптері мен талшықтарын және фиброны пайдаланады.

Фибро байланыстырушы деп сұйық тұтқырлы синтетикалық шайырлар, модификациялаушы, қатайтқыш және бастамашылық ететін қоспалар мен ұсақдисперсті толтырғыштар композициясын айтады. Фибробетондар, фибро байланыстырғыш пен толтырғыштан (майда және ірі) түзілген қоспаның қатаюы нәтижесінде алынатын композициялық материал болып келеді [31].

Фибробетондарда негізінен термореактивті шайырларды пайдаланады. Мастикаларда термореактивті шайырларды да, сулы дисперсия түрінде (ПВА дисперсиялары, СК латекстері және т.с.с.) және сирек органикалық еріткіштерде фибро ерітінділері (каучук мастикасы) түрінде термопласттарды да қолданады. Фибро байланыстырғыш түріне тәуелді фибробетондар: фуран, фурфурол, полиэфир, эпоксидті, фенолальдегидті, ацетоноформальдегидті және т.б. болуы мүмкін.



Сурет 11 – Дисперсті толтырғыш мөлшері (а) мен оның меншікті бетіне (б) тәуелді фибро байланыстырғыш беріктігі

Фибробетондарды композициялық материалдар ретінде екі құрылымдық деңгейде қарастырған тиімді: микроқұрылымды және макроқұрылымды. Микроқұрылымдық деңгей – фибробетонда байланыстырғыш құрылымы

(немесе фибро мастика құрылымы), макроқұрылымдық деңгей - байланыстырғыш пен толтырғыш түзетін құрылымы.

Фибробетондар байланыстырғышы – бұл микробетон тәрізді, оның қасиеті тек синтетикалық шайыр қасиеттеріне ғана емес, оның дисперстілігіне (меншікті бетімен сипатталады), бөлшектер пішініне, беттің белсенділігіне және толтырғыштың өзге қасиеттеріне де тәуелді.

Байланыстырғышта толтырғыш мөлшері өзгергенде байланыстырғыш беріктігінің айқын өзгерісі байқалады (сурет 11, а). Бір қарағанда, таза (толтырғышсыз) фибро шайыр беріктілігі жоғары болып көрінуі мүмкін. Шын мәнісінде, байланыстырғыштың максималды беріктілігі толтырғыштың жеткілікті көп, байланыстырғыш көлемінің 30...50% мөлшерінде байқалады. Бұл кезде оның барлық бөлшектерінің беті шайырмен жағылған болады, ал толтырғыш бөлшектерінің арасында кеңістікте дамыған қабықша (зона II) түрінде қатайған шайырдан тұтас фибро құрылым (матрица) түзіледі. Бұл жағдайда түзілген фибро – толтырғыш композициясының беріктігіне толтырғыштың шайырмен сулануы және қатайға фиброньң толтырғыш бетіне адгезиясы, яғни толтырғыштың беттік қасиеттері ауқымды әсер етеді.

Толтырғыш мөлшерін ары қарай ұлғайтқанда фибро матрицасының үздіксіздігі бұзылады және байланыстырушы беріктігі азаяды (зона III).

Таза шайырмен немесе толтырғыш мөлшері төмен байланыстырғышпен (зона I) салыстырғанда оңтайлы толтырғышпен байланыстырғыштың жоғары беріктілігі екі себеппен түсіндіріледі. Біріншіден, көптеген шайырлар қатайған кезде отырады, ол ішкі кернеудің пайда болуын және қатайып жатқан фиброда микросызаттың түзілуін тудырады, демек оның беріктілігін төмендетеді. Екіншіден, фибро – толтырғыш шекарасында жұқа қабаттарда беріктілік қасиеттерінің жоғарылауымен жүретін, түзілетін фибро құрылымының реттелуі байқалады [32].

Байланыстырғыш пен толтырғыштың әрбір нақты түрі үшін өзінің оңтайлы толтыру дәрежесі болады. Ол шайыр мен толтырғыш табиғатына ғана емес, оған қоса ауқымды дәрежеде меншікті бетімен сипатталатын толтырғыш дисперстілігіне де тәуелді болады. Бір толтырғыш үшін оның меншікті беті жоғарылаған кезде толтырғыштың оңтайлы мөлшері төмендейді, ал оңтайлы құрамды байланыстырғыш беріктілігі жоғарылайды. Мәселен, меншікті беті 2500 және 3100 см²/г болатын ұсақ ұнтақталған кварцпен толтырылған полиэфир шайыры байланыстырғышының оңтайлы толтыру дәрежесі (толтырғыш – шайыр қатынасы) сәйкесінше 2,3 және 1,6 болды, ал байланыстырғыш беріктігі 105 және 120 МПа.

Бұл тәуелділіктер бір уақытта екі фактордың әсерімен түсіндіріледі. Бір жағынан, меншікті беті үлкен толтырғыштар үшін беті толық сулануы үшін шайырдың ауқымды мөлшері қажет, екіншіден – меншікті бетінің ұлғаюы жалпы байланыстырғыш көлемінде фиброаның аса берік жанасу қабаттары үлесінің жоғарылауына әсер етеді [33].

Байланыстырғыш құрамына дисперсті арматураның енгізілуі шайыр шығынын 10...15%-ға арттырады, алайда бұл кезде толтырғыштың арматуралау

эффектісінің есебінен байланыстырғыштың физика-механикалық көрсеткіштері біршама жоғарылайды.

Дисперстілігі өте жоғары толтырғыштардың қолданылуы, толтырғыштың ауатартқыш әсерінің есебінен байланыстырғыш кеуектілігінің ұлғаюына әкеледі. Мәселен, толтырғыштың меншікті беті 0,1-ден 10 м²/г дейін ұлғайғанда, байланыстырғыштың кеуектілігі төрт есе артады; бұл кезде кеуектіліктің сипаты да өзгереді – кеуектердің орташа өлшемі ұлғаяды. Толтырғыштың белгілі бір дисперстілігінде кеуектілігінің жоғарылуынан байланыстырғыштың әлсіреуі, толтырғыштың меншікті бетінің ұлғаюы есебінен оның беріктілігінің жоғарылауын жоққа шығарады.

Жоғары кеуектілік фибробетондардың қажалуға төзімділігін нашарлатады, бұл еден жабу құрылғыларында қолдану кезінде ерекше маңызды. Беріктілігі мен тозу төзімділігін арттыру үшін қалау алдында қоспаны вакуумдайды, бұл фибробетон беріктілігін 20...25 %-ға арттыруға мүмкіндік береді.

Толтырғыштар материалын таңдау кезінде оның химиялық және минералдық құрамы үлкен мәнге ие. Толтырғыш, фибробетон байланысатын агрессивті ерітінділер әсеріне жақсы төзуі қажет. Көптеген фибро өнімдерінің қатайтқышы қышқылдар болып табылатындықтан (мысалы, фура – жаңа шайырлар бензосульфокышқылымен, күкірт қышқылымен және т.с.с. қатаяды), мұндай байланыстырғыштарда әктасты, бор, доломиттер мен өзге қышқылға тұрақсыз тау жыныстарын қолдануға болмайды. Толтырғыш табиғаты байланыстырғыш беріктігіне айқын әсер етеді. Мәселен, мысалы, пиритпен немесе мүйізсалдамышпен толтырылған фурфуролацетон мономерлі фибробетонның қысу кезіндегі беріктігі 75...85 МПа (бетон бұзылған кезде, фибродан бөлінуі емес, толтырғыш түйіршіктерінің шашырауы байқалады), ал базальтпен, гранитпен, лабрадоритпен толтырған кезде беріктігі тек 30...50 МПа құрайды.

Қышқылға төзімділігі талап етілмеген жағдайда, эпоксидті және полиэфир шайырларының ұнтақталған доломитпен, бормен, талькпен толтырылуы жақсы нәтижелер береді. Карбамид шайырларының тиімді толтырғышы, шайыр құрамындағы суды байланыстыратын, жартылай сулы гипс және фосфогипс болып табылады [34].

Жоғары физика-механикалық көрсеткіштеріне ие байланыстырғыштар алу үшін толтырғыштар бетінің физико-химиялық модификациясын жүргізу орынды. Толтырғыштарды модификациялау міндеттерінің бірі – толтырғыш бөлшектерінің бетімен адсорбцияланған судың жұқа қабықшасын жою. Бетте су қабықшасының түзілуіне барлық гидрофильді заттар бейім. Толтырғыш бөлшектерінің бетіндегі су қабықшасы шекаралас қабаттарда шайырдың қатаюын қиындатады, яғни аса маңызды орындарда қатайып жатқан ұстастырғыш құрылымын әлсіретеді.

Фибро материалдарының технологиясында пайдаланылатын толтырғышты модификациялаудың дәстүрлі тәсілі – оларды ПАВ-пен өңдеу, олар бөлшектер бетіне адсорбциялана отырып, соңғылардың гидрофильді-гидрофобты қасиеттерін өзгертеді. Мұндай мақсатта катионоактивті және

ионогенді емес ПАВ және кремний органикалық қосындыларды қолданады. Толтырғыш бетін шайырмен және өзге байланыстырғыш компоненттерімен алдын ала өңдеу арқылы, сонымен қатар, толтырғыш бетін фторлау арқылы модификациялауға болады. Бетін модификациялау толтырғыш пен модификаторлы бірге ұнтақтау кезінде, олардың қоспасын ультрадыбыстық өңдеу кезінде және толтырғыш бетін активтендіруге мүмкіндік беретін өзге әдістермен жүргізіледі [35].

Жеңілдетілген фибро байланыстырғыштарын алу үшін бөлшектердің орташа $0,2...0,45 \text{ г/см}^3$ тығыздығымен іші қуыс микросфералар түрінде арнайы дайындалған толтырғыштарды шығарады; байланыстырғыштың микросфералармен беріктігі аз ғана түседі, алайда оның жылу өткізгіштігі біршама төмендейді.

Фибробетондар үшін фибро байланыстырғыштарын алу үшін, кеңінен таралған аз белсенді толтырғыштан – $5 : 1 - 10 : 1$ дейін қатынасында кварцтан және өзге компоненттен (мысалы, пириттен) тұратын бинар толтырғыштарын қолданады. Бұл кезде байланыстырғыштың беріктілігі мен суға төзімділігі артады және оның су сіңіруі төмендейді.

Сілтіге төзімді байланыстырғыштар алу үшін толтырғыш ретінде алюминий тотығын, металдардың: алюминий, мыс, мырыштың дисперсті ұнтақтарын пайдаланады [36].

Фибробетондардың бітеуіштері ретінде дисперсті толтырғыштар алу үшін қолданылатын тау жыныстары болуы мүмкін. Қышқылға төзімді фибробетондар мен қышқыл қатайтқыш бетондар үшін карбонатты құмдар мен шағылтастарды қолдануға болмайды. Ауқымды аз меншікті бетінің салдарынан бітеуіштердің минералды құрамының әсері, ұсақдисперсті толтырғыштар үшін байқалатындай, фибробетондар қасиеттеріне айтарлықтай әсер етпейді.

Бітеуіштер мен байланыстырғыштар арасындағы оңтайлы қатынасты тәжірибе жүзінде таңдайды. Бұл кезде, бітеуіштер қоспасының минималды бастығын қамтамасыз ететін, гранулометриялық құрамды бітеуішті пайдалану қажет. Бітеуіштердің әрбір нақты түрі үшін, байланыстырғыш пен бітеуіш мөлшерінің арасындағы жеке оңтайлы қатынасы болады [37].

2.2 Фибробетондар қасиеттері

Ауыр фибробетондардың орташа тығыздығы - $2200-2400 \text{ кг/м}^3$. Жеңіл фибробетондар тығыздығы пайдаланылған бітеуіш түріне тәуелді және $300... 250 \text{ кг/м}^3$ құрауы мүмкін.

Фибробетондар беріктігі негізінен байланыстырғыштың фибро компонентінің түріне тәуелді: эпоксидті және эпоксидті фуран бетондарының беріктігі өте жоғары ($\sigma_{сж} = 9 \div 11 \text{ МПа}$), карбамидті байланыстырғыш негізіндегі бетондардың көрсеткіштері ең төмен ($\sigma_{сж} = 3 \div 4 \text{ МПа}$). Жалпы фибробетондардың беріктілік көрсеткіштері, цементтік бетондарға қарағанда жоғары; цементтікке қарағанда, фибробетондар үшін қысу беріктігі мен созу беріктігінің арасындағы айырмасы аз [38].

Қатайған фибро байланыстырғышының, мысалы полиэпоксидтің серпімділік модулі, цементтік тастың серпімділік модулінен айтарлықтай 10 есе төмен, ал бетон түріне қарай $(1\div 4)\cdot 10^4$ МПа құрайтын фибробетондардың серпімділік модулі, ауыр цементтік бетонмен шамалас - $(2,5\div 5)\cdot 10^4$ МПа. Бұл, фибробетонның ауқымды бөлігі – тығыз минералды толтырғыштар мен бітеуіштер болуымен түсіндіріледі.

Фибробетондардың қолданылу облысын шектейтін қасиеті төмен жылуға төзімділігі - 80...150°C болып табылады. Мұнда фибробетонды эксплуатациялау температурасы жоғарылаған кезде оның беріктігі мен серпімділік модулі төмендейді. ФАМ негізіндегі фибробетон үшін, беріктігі мен серпімділік модулінің температураға келесі тәуелділігі байқалады, оны төмендегі 2 кестеден көре аламыз:

Кесте 2 - ФАМ негізіндегі фибробетон үшін, беріктік пен серпімділік модулінің температураға

Эксплуатация температурасы, °С.	20	40	60	80	100
Беріктігі мен серпімділік модулінің төмендеу коэффициенті	1	0,9	0,8	0,7	0,6

Төмен жылу төзімділігіне ие бола отырып, фибробетондар жанбайтын материалдар классына жатады, себебі құрамындағы органикалық заттар мөлшері, бейорганикалық компоненттер үлесімен салыстырғанда аз [39].

Фибробетондардың басты артықшылықтарының бірі – жоғары химиялық төзімділігі. Тығыз фибробетондар химиялық агрессивті заттардың айтарлықтай барлық түрлеріне жоғары төзімділігімен сипатталады; олар цементтік бетонды жеңіл бұзатын қышқылдар, тотықтырғыштар мен тұз ерітінділеріне жақсы төзеді. Сондықтан фибробетондар мен мастикаларды қолданудың ең басты саласы – құрылыс конструкцияларын агрессивті әсерден қорғау, химиялық кәсіпорындар үшін сыйымдылықтар мен аппаратураларды футерлеу [40,41].

Кесте 3 – Полиэфир және эпоксидтік шайырлар негізінде фибробетондар сипаттамалары

Композитте (асбофрикциялық қалдықтар) мөлшері, %	Фибролық матрица			
	эпоксидті		полиэфир	
	Қысу кезінде беріктілік шегі, МПа	Созу (майыстыру) кезінде беріктілік шегі, МПа	Қысу кезінде беріктілік шегі, МПа	Созу (майыстыру) кезінде беріктілік шегі, МПа
0	37,83	11,68	39,78	11,05
3	40,46	12,5	39,92	12,51
5	36,9	12,0	34,26	14,94

2.3 Фиброталшықтың негізгі түрлері

Өзінің шығуы мен өндіру тәсілдері бойынша фибра негізгі алты санатқа бөлінеді, олардың әрқайсысы 14613–83 «Фибра. Техникалық шарттар» МЕСТ сәйкес келу қажет:

- болат фибра;
- базальттік;
- шыныталшықты;
- көміртекті;
- полипропилендік;
- целлюлозалы.

2.3.1 Болат фибра

Металды (болат) фибра толқын тәрізді немесе анкерлі болуы мүмкін. Ол ұзындығы 10-50 мм, шеттері қайырылған тік немесе толқынды сым кесектері түрінде келтірілген.



Сурет 12 - Болат фибралар

Арматуралық қаңқа үшін шикізат ретінде пайдаланылатын металл талшықтарды бірнеше тәсілдермен дайындайды: балқымадан пішіндеу көмегімен, электрлік немесе механикалық әдіспен.

Кеңінен таралғаны – механикалық тәсіл. Бұл әдіс илемдік орнақта сымды созу, тарта жону көмегімен, сонымен қатар болат фольганы және өзге ұқсас материалдарды кесу көмегімен металл жіптерінің өндірісін қамтиды [42,43].

Металл талшықтарын дайындау технологиясының таңдалуы металл фибраның қажетті диаметріне тәуелді. Аса жіңішке жіптерді әдетте, алмаздан жасалған арнайы сүзгіштер арқылы созу көмегімен алады.

Негізгі кемшіліктері, бұл:

1. Бұйымның ауқымды қорытынды салмағы.
2. Коррозияға төмен төзімділігі.
3. Бетонды негізбен аз ілінісуі.

2.3.2 Базальттік фиброталшық

Базальттік (минералды) фибра — арнайы пештерде балқытылған жанартаудан алынатын базальт минералынан алынатын жасанды минералдық бейорганикалық талшық. 14613–83 «Фибра. Техникалық шарттар» МЕСТ.



Сурет 13 – Базальттік фиброталшық

Базальттік жіптер, базальтқа тән барлық қасиеттерге ие болады:

- механикалық жүктемелерге төзімділігі;
- сілтілі және қышқылды реактивтер әсеріне жоғары төзімділігі;
- жанбайды;
- бетонның үш есе беріктенуін қамтамасыз етеді.

Базальттік жіптерді пайдалану облысы олар сан түрлілігімен және олардан өндірілетін бұйымдар түрімен анықталады. Базальт талшықтарының негізіндегі негізгі бұйым базальтофибробетон болып табылады [44].

2.3.3 Шыныталшықты (минералды) фибра

Шыныталшықты фибра дегеніміз не?

Бұл, беріктілігі жоғары пішіндес шыныбалқыту ыдыстарынан балқытылған шыны массасын арнайы қондырғыларда созу арқылы алынатын бейорганикалық шыны жіптері. Алынатын жіптер қасиеттері шыны талшықтарын алу тәсіліне және шынының химиялық құрылымына тәуелді.

Шыны типтерінің әртүрлілігі, механикалық және конструкциялық қасиеттерінің кең аралығымен шыны жіптерінің талап етілетін тізімдемесін алу мүмкіндігі болып келеді.

Қажетті бетон маркасы үшін дисперсті арматура ретінде, белгілі бір диаметрлі бумаға жиналған шыны жіптерінің үздіксіз талшықтары қолданылады.



Сурет 14 - Шыныталшықты фибра

Алынған буманы талшықтардың қысқа кесінділеріне кеседі, олардың ұзындығы орнатылған нормаға және өндірілетін бетон маркасына қойылатын технологиялық талаптарға сәйкес таңдалады [45].

2.3.4 Көміртекті фиброталшық

Көміртекті фибра – шикізатты жоғары температурада термиялық өңдеу жолымен көміртегіден өндірілетін көміртекті жіптердің кесілген кесінділері. Механикалық жүктемелерде қолдануға жоғары төзімділік көрсеткішімен, төмен ұзару коэффициентімен және материал қасиетіне химиялық реакциялардың әсеріне жоғары қарсылығымен сипатталады.



Сурет 15 – Көміртекті фиброталшық

Артықшылығы:

- жоғары адгезиясы;
- коррозияға ұшырамайды;
- сілтілі және қышқылды ерітінділерге төзімділігі;
- жоғары температураға жоғары төзімділігі – жанбайды.

Көміртекті талшықтардың серпімділік модулі болат жіптер серпімділігінен ауқымды жоғары, ал беріктігі шыныталшықтар беріктігіне пропорционал.

Мінсіз сипаттамаларына және берілген материалды қолданудың жоғары тиімділігіне қарамастан, құны оның пайдаланылуын шектейді. Сондықтан көміртекті талшықтарды тек экономикалық мәні болған жағдайда ғана пайдаланады [46].

2.3.5 Полипропиленді фибра

Кесу және бұрау арқылы полипропилен қабықшасынан алынатын, диаметрі 0,02–0,038 мм, синтетикалық талшықтардың жеке түрі. Бетон ерітіндісінде берілген талшықтар ашылады және торлы құрылым құрады. Нәтижесінде: фибробетонның құрамы мен оның физика-химиялық сипаттамалары сапалы жақсарады. Арматураланбаған бетомен салыстырғанда, мұндай материалдардың соққы жүктемеге кедергісі жоғары болады.



Сурет 16 – Полипропиленді фибра

Кемшіліктері:

- созу мен қысуға жеткіліксіз төзімділігі;
- материалдың нашар сулануы;
- жоғары температураларға нашар төзімділігі;
- сапалы шикізатты (полипропилен немесе қалдықтар) таңдау кезінде жоғары шашыратылуы – жосықсыз өндірушілер шығарылатын өнімнің сипаттамаларын асыра сілтейді, бұл фибробетонның қасиеттері мен класына айқын әсер етеді [47].

2.3.6 Целлюлозалы фибра

Бұл жоғары ыстыққа төзімділігі сипаттамаларына ие көміртекті фибро материал, суда ерімейді және қышқылдарға қатысты инертті. Целлюлоза жіптерінің қолданылуы фибро жабындылардың бу өткізгіштігіне оң әсер етеді. Отыру процестерін баяулатады және фибробетон бетіне тұтастырғыштың төменгі қабаттарынан сұйықты басып шығаруға көмектеседі.



Сурет 17 - Целлюлозалы фибра

Фибробетонның дайындалуына әсер ететін, фиброталшықтың және ұстастырғыш қоспалар түрін таңдау, жіптердің оңтайлы химиялық құрамын таңдаумен қатар ұзақ эксплуатациялау мерзімінде осы материалдардың функционалды міндеті мен негізделген пайдаланылуына байланысты [48].

Кесте 4 - Әртүрлі фибралардың салыстырмалы сипаттамалары

Көрсеткіш	Базальттік фибра	Полипропиленді фибра	Шыныталшықты фибра	Болат фибра
Материал	Базальттік талшық	Полипропилен	Шыны талшық	Көміртекті болат сымы
Созу беріктігі МПа	3500	150-600	1500-3500	600-2500
Талшық диаметрі	13-17 мкм	10-25 мкм	13-15 мкм	0,5-1,2 мм
Талшық ұзындығы	3,2 -15,7 мм	6-18 мм	4,5-18 мм	30-50 мм
Серпімділік модулі Г. Па	75 кем емес	35	75	190
Созу коэффициенті %	3,2	20-150	4,5	3-4
Балқу температурасы С°	1450	160	850	1550
Сілті мен коррозияға төзімділігі	Жоғары	Жоғары	Тек сілтіге төзімді талшықта	Төмен
Тығыздығы г/см ²	2,60	0,91	2,60	7,80

2.4 Ұзындығына тәуелді фибраның қолданылуы

Фибробетон бұйымдарында фибраны дұрыс қолдану үшін фибраның беріктілігі, деформациялылығы, химиялық төзімділігі көрсеткіштерін, цементтің немесе өзге тұтқыр материалдың сулы суспензиясына фибраның адгезиясын ескеру қажет.

Бұйымды көлемдік арматуралау үшін пайдаланылатын фибраның қасиеті, фибраның қолданылуы бұйымдарда металдық арматуралау элементтерінен толығымен немесе бір бөлігінен бас тартуға мүмкіндік беретіндей болуы қажет, себебі металдық арматураның қолданылуы өнім дайындаудың салмағы мен шығындарын ұлғайтады.

Мәселен, микросызаттардың түзілуін тиімді алдын алатын, цементтік бұйымның компоненті ретінде фибраның толыққанды жұмысы үшін ерітінді көлемінде фибраның біркелкі таралуы (бөлшектелуі) өте маңызды. Тек осы жағдайда ғана фибра бұйымның барлық көлемінде микросызаттардың түзілуін алдын ала алады. Фибраның талшықтары ерітіндіде біркелкі таралуы үшін, оларды өндіру процесінде, әдетте арнайы дисперсиялармен өңдейді [49,50].

Металдық фибраның ұзындығы талшық қолданылатын бұйымның типіне, мұнда ең бастысы, цементтік ерітіндіде пайдаланылатын бітеуіш бөлшектерінің өлшеміне тәуелді болады. Әдетте металдық фибраның ұзындығы 20 мм аспайды, себебі үлкен ұзындығы цементтік ерітіндіде түйірлердің пайда болуын тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, металдық фибраның ұзындығы 2 мм артық болуы қажет, себебі қысқа талшықтар бұйым бөлшектерінің арасында тиімді бекітілмеуі мүмкін.

Өндірушілердің осы материалдың әртүрлі ұзындық нұсқаларын дайындауы бекер емес.

- Шағын өлшемді фибра – 6 мм, цемент, құм, гипс тәрізді қоспалармен жұмыс істеу кезінде, сылау және үйкелеу қоспаларында, сонымен қатар кеуек бетонмен жұмыс істеу кезінде беріктігін арттыру және геометриялық пішінін жақсарту үшін қолданылады.

- 12 мм өлшемді бетонға арналған фибралар әртүрлі жабынды тақтатастарының, автоклавты емес газ- және кеуек бетондарының беріктілігін нығайту және ұлғайту үшін, бетон мен іргетастардан құймалы едендер үшін, сырықтардың, қуыс бетон конструкциялары, гидротехникалық нысандар үшін пайдаланылады.

- Талшық ұзындығы 18-20 мм болатын ең ірі фибра, ірі толтырғыштардың – шағылтастар, қиыршық тастар, ірі түйіршікті құмның қосылуымен араластырылатын, ауыр және аса ауыр бетондармен жұмыс істеу үшін арналған. Көпір тұрғызу, жол жабындысын төсеу және механикалық әсерге жоғары беріктілігі мен төзімділігін талап ететін, өзге өлшемді ғимараттарды тұрғызуда таптырмайтын құрал [51].

2-бөлім бойынша қорытынды

1. Қоспаның қатаюу процесінде сызаттардың түзілу мүмкіндігі өте төмен. Фибраның пайдаланылуы бетонның деформацияға төзімділігін ұлғайтуға мүмкіндік береді, бұл беріктілік сипаттамаларының ұлғаюына да әсер етеді. Егер отыру нәтижесінде сызаттар пайда болған жағдайда, фибра олардың шеттерінің бірігуіне әсерін тигізеді, бұл олардың бұзылу мүмкіндігін азайтады.

2. Фибро бетондың құрамы температуралық ауысуларға аса берік болады, мәселен қатуы және жібуі кезінде. Фибраның арқасында қоспаға ауаның аз бөлігі түседі, ал бұл өз қатарында, қатуы және жібуі кезінде бос судың кеңеюіне және қысылуына мүмкіндік береді. Құрылыс материалы қоспа құрамындағы ылғалдың орын алмастыруын толығымен бақылайды, осылайша, гидратацияның оңтайлы деңгейін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде қысудың беріктілік көрсеткіші бірінші күні ақ қамтамасыз етіледі.

3. Қолдануға дайын құрамы үздік соққы төзімділігіне ие.

4. Фибробетон қоспасын төсеу жүргізілгеннен кейін бірнеше сағат өткен соң, үгілуге кедергі көрсеткіші 10%-ға өседі.

5. Фибробетон жоғары температураларға, мәселен отқа төзімді. Жалпы қоспаның отқа төзімділігі көрсеткіші ұлғаяды. Фибраның қолданылуымен жасалған құрамы, бір сағат бойы 600 градус температураға төзімді болып табылады.

6. Фибробетон қоспалары судың өтуіне берік. Ылғал, химиялық элементтер, сонымен қатар лас заттар бетон құрамына өте ұзақ сіңеді. Бұл сілтіге де қатысты. Оған дәлел, фибраның қолданылуымен алынатын бетонның қазіргі таңда су қоймаларын, теңіз қоршауларын, ылғалдылығы жоғары орындарда көпірлерді және т.б. тұрғызуда белсенді пайдаланылуы болып табылады.

3 ОРТАДАН ТЕПКІШ СОРҒЫЛАР КОРПУСТАРЫН ДАЙЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ФИБРОБЕТОНДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТИІМДІ ҚҰРАМЫН ТАҢДАУ

3.1 Фибробетонды дайындаудың бастапқы материалдары

Композициялық материалдарды дайындауда бастапқы компоненттердің таңдалуы маңызды болып табылады. Олардың құрамына, физика-химиялық және техникалық қасиеттеріне жаңа материалдың қорытынды сипаттамалары: беріктілігі, Пуассон және Юнг модульдері, технологиялылығы, өңдеуге қабілеттілігі тәуелді болады. Аталған сипаттамалары, жаңа композициялық материалдан дайындалатын бұйымдарға қойылатын талаптарына жоғары дәрежеде сәйкес келу керек. Біздің жағдайда – бұл сорғыны эксплуатациялау кезінде туындайтын статикалық және динамикалық күштердің, дірілдің және т.б. белгілі бір жүктемесіне ұшырайтын сорғы корпусы [52].

Насос корпустарын дайындау үшін қасиеттердің иемденуін ескере отырып, құрылыс өндірісінде фибробетондарды дайындауда пайдаланылатын материалдарға жүргізілген талдау, кейінгі зерттеулерде келесі бастапқы компоненттерді қабылдауға мүмкіндік берді:

- Табиғи толықтырғыш, ірі фракциясы – кесек тасты шағыл тас (МЕСТ 8267-93 [53] және МЕСТ 10260-82, фракциясы 1,6...2,4 мм.) [54]. Негізгі толтырғыштың пайыздық мөлшері – 51%

- Ортафракциялы толтырғыш – кварц құмы (МЕСТ 8736-2014, фракция 0,5...1,3 мм.) [55] – 21%

- Ұсақ фракциялы толтырғыш – кварц ұны (МЕСТ 8736-2014). Құрамы – 11%

- Байланыстырғыш компонент – фуран-эпоксидті шайыр ФАЭД (ТШ 59-02-039.13-78) [56] – 15%

- Қатайтқыш – полиэтиленполиамин ПЭПА (ТШ 6-02-594-80Е) [56] – 1% артық емес

- Сыртқы қорғаныш жабындысы – гелькоут

- Шайыр

- Фибра:

- Болат сымды;

- Шыны талшықты;

- Болат анкерлі типті.

Кесек тасты шағыл тас — бұл ұсақталған тау жынысы, әдетте диорит, әктас, құмдақ, әртүрлі пішіндермен сипатталатын ұлу тас. Ол келесі сипаттамаларға ие:

- Жоғары беріктілігі;

- Теріс температураларға қатысты тұрақтылығы;

- Фракция өлшемі 25 – 50 см

- Тазалық көрсеткіші – сазбалшық немесе минералды қоспалар мөлшері 2% артық емес.

Кесектасты шағыл тастан жасалған бұйымдардың артықшылықтарына жатады:

- Ұзақ мерзімді эксплуатация;
- экологиялылығы;
- қол жетімдігі;
- қолайлылығы;
- тозу төзімділігі.

Кесектасты шағыл тас тау жыныстарын жақты және конустық ұсақтағыштарда ұнтақтау арқылы өндіріледі. Кесектасты шағыл тас кесектері сүйір бұрышты пішінге ие. Ең жақсысы – пішіні бойынша кубка немесе тетраэдрге жақын кесектер. Шағыл тас пішіні тас жынысының құрылымы мен тас ұсақтау машинасына тәуелді болады. Қатты жыныстардың шағылтастарында сазбалшықты және шаң тәрізді бөлшектердің шекті мөлшері шамамен 1,0% құрайды, ал қалған жағдайда – 1,8...2,0%. Құрылыста қолданылатын шағыл тасқа МЕСТ 8267-93 талаптары таралады.

Оның негізгі сипаттамалары зертханада келесі әдістеме бойынша анықталды.

Шағылтас түйіршіктерінің көлемдік массасын анықтау. Массасы 2,5 кг шағылтастың орташа сынамасы алынды, тұрақты массаға дейін кептіру шкафында кептірілді, шағылтастың берілген фракциясының ең кіші түйіршік өлшеміне сәйкес келетін саңылаулар өлшемімен елеуіш арқылы електен өткізілді және елеуіштегі қалдықтардан әрқайсысы 100 г болатын екі өлшенді алынды. Ары қарай шағылтасты 2 сағ бөлме температурасындағы суға батырады, ыдыстағы су деңгейі шағылтас бетінен 20 мм жоғары болу керек. Қаныққан шағылтасты судан шығарады, жұмсақ ылғал матамен сүртеді және бірден алдымен техникалық, одан кейін сынаманы суға батырылған тор стаканга орналастыра отырып, гидростатикалық таразыларда өлшейді (сурет 18).

Көлемдік массаны ρ_0 0,01 кг/м³ дейін нақтылығымен келесі формула бойынша есептейді:

$$\rho_0 = \frac{m\rho_B}{m_1 - m_2}, \text{ кг/м}^3, \quad (3.1)$$

мұндағы m – өлшендінің құрғақ күйде массасы, кг; m_1 – өлшендінің сумен қаныққан күйде ауадағы массасы, кг; m_2 – өлшендінің сумен қаныққан күйде судағы массасы, кг/м³ (1000 кг/м³).

Сынақтарды екі рет жүргізе отырып, шағалтастың көлемдік массасын екі анықтаманың орташа арифметикасы ретінде есептедім.


Шағылтастың көлемдік сеппелі массасын анықтау. Шағалтастың сеппелі көлемдік массасын өлшеуіш цилиндр көмегімен анықтайды.

Сынақтарға арналған шағалтастың қажетті көлемін тұрақты массаға дейін кептіреді және суытады, ары қарай оны алдын ала өлшенген цилиндрге 10 см биіктіктен конус түзілгенге дейін себеді. Шағалтастың артық мөлшерін болат сызғышпен тығыздамай шеттерімен теңдестіріп кеседі, одан кейін шағалтасы

бар цилиндрді өлшейді және келесі формула бойынша 10 кг/м^3 дейін нақтылықпен көлемдік сеппелі массасын есептейді:

$$\rho_4 = \frac{m_3 - m_4}{V}, \text{ кг/м}^3, \quad (3.2)$$

мұндағы m_3 – бітеуіші бар цилиндр массасы; m_4 – цилиндр массасы, кг; V – цилиндр көлемі, м^3 .



1 – тор (тесілген) ыдыс; 2 – су ағызғышы бар контейнер; 3 –гір тастары.

Сурет 18 - Гидростатикалық өлшеу құрылғысы бар техникалық таразы

Шағалтастың көлемдік сеппелі массасын үш рет анықтайды (әр қайсысында жаңа сынаманы алады) және үш анықтаманың орташа арифметикасын есептейді.

Фибробетон қоспасының тиімді құрамын анықтау кезінде маңызды мәнге, ары қарай көрсетілгендей, ірі бітеуіштің - кесектасты шағыл тастың қуыстылығы ие.

Шағалтастың қуыстылығын анықтау. Шағалтастың қуыстылығын алдын ала табылған түйіршіктің көлемдік массасы мен шағал тастың көлемдік сеппелі массасының мәндері бойынша анықтайды.

Шағалтастың көлемі бойынша пайызбен қуыстылығын V_n келесі формула бойынша 0,1% дейін дәлдігімен есептейді:

$$V_n = \left(1 - \frac{\rho_0}{\rho_n}\right) \cdot 100, \%, \quad (3.3)$$

мұндағы ρ_0 – шағалтас түйіршіктерінің көлемдік массасы, кг/м^3 ; ρ_n – шағалтастың көлемдік сеппелі массасы, кг/м^3 .

Шағалтастың түйіршік құрамын анықтау. Сыналатын шағалтас сынамасын төменде 5 кестеде көрсетілген мөлшерде алады:

Кесте 5 – Зерттелінген деректер кестесі

Шағалтастың (қиыршықтас) ең үлкен ірілігі, мм	10	20 – ға дейін	40 -қа дейін
Сынама массасы, кг (кемінде)	5,0	10,0	20,0

Сынаманы, бағанаға жиналған, өлшемі (10, 5, 3 және 0,14 мм) бойынша орнатылған елеулер жиынтығы арқылы елейді және біруақытта сумен шаяды. Бұл кезде елеуіштердің әрқайсысында шағалтас қабатының қалыңдығы берілген фракциялы елеуіште еленетін түйіршіктердің ең үлкен өлшемінен жоғары болған жоқ.

Әрбір елеуіште материал қалдықтарын тұрақты массаға дейін кептіреді және өлшейді, осылайша барлық елеуіштерде жеке қалдықтар массасын (m_{014} , m_3 , ..., m_{014}) анықталады. Одан кейін еленген сынамалардың қосынды массасын әрбір елеуіштегі жеке қалдықтардың қосындысы ретінде анықтайды:

$$\sum m = m_{014} + m_3 + m_5 + m_{10} \quad (3.4)$$

Ары қарай еленген сынаманың қосынды массасынан әрбір елеуіштегі жеке қалдықтарды пайызбен есептейді:

$$a_1 = \frac{m_5}{\sum m} \cdot 100, \% , \quad (3.5)$$

мұндағы m_5 – берілген елеуіште қалдық массасы, кг.

Жеке қалдықтардың белгілі мәндері бойынша толық қалдықтарды A_1 пайызбен есептейді:

$$A_1 = a_{40} + a_{25} + \dots + a_{014} , \quad (3.6)$$

Сынама шағалтасының ең үлкен және ең кіші ірілігін елеуіштер тесіктерінің өлшемімен сипаттайды, ондағы елеу қисығымен анықталатын, толық қалдықтар сәйкесінше 5% ($D_{наиб}$) және 95% ($D_{наим}$) құрайды. Осы өлшемдердің мәндерін стандартты елеуіштердің жақын өлшеміне дейін дөңгелектейді.

Зертханалық зерттеулер нәтижесі бойынша, ары қарай тәжірибелерде қатысатын, кесектасты шағал тастың келесі көрсеткіштері 6 және 7 кестелерінде анықталды.

Кесте 6 - Кесектасты шағал тастың сипаттамалары

Көрсеткіш	Мәні
Көлемдік массасы, кг/м ³	2280
Көлемдік сеппелі массасы, кг/м ³	1520
Қуыстылығы, %	37.6
Бөлшектер пішіні	Негізінен сүйір бұрышты

Кесте 7 - Кесектасты шағал тастың түйіршік құрамы

Фракция, мм	-10+5	-5+2.5	-2.5+1.25	-1.25+0.63	-0.63+0
Мөлшері, %	51	22	10	7	12

Зертханалық зерттеулерде орнатылған кесектасты шағал тастың сипаттамалары, ары қарай фибробетон қоспасының тиімді құрамын таңдау кезінде пайдаланылды.

Кварц құмы – бұл таза кварц мөлшері 98% дейін жоғары болатын материал. Оны пайдалану алдында, кварцты жыныстың ауқымды бөлігін алу үшін ластанулар мен қоспалардан тазарту үшін, оны міндетті түрде алдын ала шаю қажет. Ұсақ түйіршікті кварцты құмның фракция өлшемі шамамен 0,1 мм.

Кварцты құмның басты компоненті кремний қос тотығы (SiO_2) болып табылады. Алу тәсілімен ерекшеленетін, кварцты құмның табиғи және жасанды түрлері болады.

Табиғи кварцты құм табиғатта кеңінен таралған. Ол су бассейндерінің түбінде және жер қалыңдығының құрамында орналасқан. Оның түйірліктерінің ауқымды бөлігінің өлшемдері 0,2 бастап 1,0 мм дейін құрайды.

Жасанды кварцты құм табиғи жаратылған, алайда бастапқыдан ол ірі кристалдар түрінде болады. Осы кристалдарды құмға түрлендіру үшін механикалық әсерді: ұсақтау мен ұнтақтауды қолданады:

Ірілігі (фракциялық құрамы) бойынша бөлінеді:

- шаң тәрізді кварц, ол 0,1 мм кіші фракция болып келеді;
- ұсақ түйіршікті құм, фракциясы 0,1...0,25 мм;
- орташа құм, фракциясы 0,25 ... 0,5 мм;
- ірі түйіршікті құм, фракциясы 0,5...1,0 мм

Кварцты құмның негізгі реттеуші құжаты МЕСТ 2138 – 91 [57] болып табылады.

Ұсақ бітеуіш сипаттамаларын анықтау

Кварцты құм тығыздығын анықтау. Құмның орташа сынамасынан 30 – 40 г өлшендісін алады және диаметрі 5 мм дөңгелек саңылаулары бар елек арқылы өткізеді, тұрақты массаға дейін кептіреді және концентрленген күкірт қышқылымен эксикаторда бөлме температурасына дейін суытады [58].

Кептірілген құмнан әрқайсысы 10 г екі өлшенді өлшеп алады және оларды екі таза кептірілген пикнометрге төгеді. Екі пикнометрді ортасына дейін тазартылған сумен толтырады, құм немесе су моншасына тасымалдайды. Біршама көлбеу қалпында орналастырады және әлсіз қайнағанға дейін қыздырады, оны 20 мин ұстап тұрады. Содан кейін, пикнометрді ішіндегісімен салқындатады, олардың әрқайсысына белгіге дейін тазартылған су құяды, содан соң өлшейді. Ары қарай пикнометрді ішіндегісінен тазартады, тек тазартылған сумен белгіге дейін толтырады және қайтадан өлшейді. Құм тығыздығын $0,01 \text{ кг/м}^3$ дәлдігімен келесі формула бойынша есептейді:

$$\rho = \frac{m \rho_B}{m - m_6 + m_7}, \text{ кг/м}^3 \quad (3.7)$$

мұндағы m – өлшенді массасы, кг; m_6 – өлшенді және су орналасқан пикнометр массасы, кг; m_7 – тек су бар пикнометр массасы, кг; ρ_v – су тығыздығы, кг/м³.

Құмның көлемдік сеппелі массасын анықтау. Құмның 5 - 10 кг орташа сынамасын 110±5⁰С температурада кептіру шкафында тұрақты массаға дейін кептіреді және диаметрі 5 мм дөңгелек саңылаулары бар елеуіш арқылы елейді. Дайындалған құмды сыйымдылығы 1 л болатын алдын ала кептірілген өлшеуіш цилиндрге 10 см биіктіктен цилиндр төбесінен конус түзілгенге дейін төгеді. Құмның артық мөлшерін тығыздаусыз металл сызғышпен ыдыс шеттерімен теңдестіріп алады, одан кейін құм толтырылған ыдысты өлшейді және құмның көлемдік массасын 10 кг/м³ дейін дәлдікпен келесі формула бойынша есептейді:

$$\rho_n = \frac{m_8 - m_9}{V}, \text{ кг/м}^3, \quad (3.8)$$

мұндағы m_8 – құм толтырылған өлшеуіш цилиндр массасы, кг; m_9 – бос өлшеуіш цилиндр массасы, кг; V – цилиндр көлемі, м³.

Құмның көлемдік сеппелі массасын екі анықталған нәтижелердің орташа арифметикасы ретінде анықтайды.

Құм қуыстылығын анықтау. Құмның қуыстылығын алдын ала анықталған тығыздық пен көлемдік сеппелі масса мәндері бойынша анықтайды. Көлемі бойынша пайызбен құмның қуыстылығын V_n 0,1% дейін дәлдікпен келесі формула бойынша есептейді:

$$V_n = \left(1 + \frac{\rho_N}{\rho}\right) \cdot 100, \%, \quad (3.9)$$

мұндағы ρ - құм тығыздығы, кг/м³; ρ_N – құмның көлемдік сеппелі массасы, кг/м³.

Құмның түйіршік құрамын анықтау. Өлшендісі шамамен 2 кг құмның орташа сынамасын тұрақты массаға дейін кептіреді және диаметрі 10 және 5 мм дөңгелек саңылаулары бар елек арқылы өткізеді.

Елеуіштер қалдықтарын (m_{10} және m_5) өлшейді және түйіршік өлшемі 5-10 мм болатын фракциялардың пайыздық мөлшерін келесі формуламен есептейді:

$$\Gamma_{P5} = \frac{m_5}{m} \cdot 100, \%; \Gamma_{P10} = \frac{m_{10}}{m} \cdot 100, \%, \quad (3.10)$$

мұндағы Γ_{P5} және Γ_{P10} – құмдағы мөлшері, сәйкесінше, ірілігі 5-10 мм және 10 мм жоғары түйіршіктер, %; m_5 және m_{10} – сәйкесінше 5 және 10 мм саңылаулары бар елеуіштер қалдықтары, г; m – мынама массасы, г. [59].

Диаметрі 5 мм саңылаулары бар елек арқылы өткен құм сынамаларынан массасы 1000 г өлшенді алынады және елеуіштерде саңылаулар өлшемінің кішіреюі (диаметрі 2,5 мм дөңгелек саңылаулары бар елек, төменде өлшемі 1,25; 0,63; 0,315; 0,14 мм төртбұрыш саңылаулары бар торлы елек) бойынша кезекпен

орналасқан елеуіштер жинағы арқылы механикалық тәсілмен еленеді. Егер елеуіш арқылы таза қағаз бетіне 1 минутта еленетін, өлшендінің жалпы массасының 0,1 % артық емес, құм түйіршіктері өткен уақытта елеу аяқталды деп саналады.

Әрбір елеуіштегі құм қалдықтарын өлшейді және 0,1 % дейін дәлдікпен әрбір елеуіштегі жеке қалдықтарды келесі формуламен есептейді:

$$\alpha_1 = \frac{m_{11}}{m} \cdot 100, \%, \quad (3.11)$$

мұндағы α_1 – жеке қалдық, %; m_{11} – берілген елеуіште қалдық массасы, г; m – еленетін өлшенді массасы, г (1000 г).

Ары қарай 0,1 % дәлдігімен әрбір елеуіштегі толық қалдықтарды анықтайды. Толық қалдықты A_I , саңылаулары үлкен өлшемді барлық елеуіштерде жеке қалдықтардың қосындысы ретінде және берілген елеуіштегі қалдық қосындысымен келесі формула бойынша анықтайды:

$$A_I = \alpha_{2,5} + \alpha_{1,25} + \dots + \alpha_{0,14}, \quad (3.12)$$

мұндағы $\alpha_{2,5} \dots \alpha_{0,14}$ – саңылау өлшемі 2,5 мм болатын елеуіштен бастап, үлкен өлшемді саңылаулары бар елеуіштердегі жеке қалдықтар, %.

Жүргізілген зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша, кварцты құмның келесі техникалық сипаттамалары орнатылған. Тәжірибелік деректер нәтижелері 8, 9 кестелерінде келтірілген.

Кесте 8 – Кварцты құмның техникалық сипаттамалары

Көрсеткіш	Мәні
Кремний қос тотығының мөлшері, %	93...98
Ылғалдылығы, %	0,5...4,0
Сеппелі тығыздығы, кг/м ³	1300...1500
Шынайы тығыздығы, кг/м ³	2600...2700
Көлемдік салмағы	1,5...1,6

Кесте 9 – Кварцты құмның түйіршік құрамы

Фракция, мм	-0,14	0,14-0,18	0,19-0,23	0,24-0,28	+0,28
Мөлшері, %	8,16	38,41	32,66	13,52	7,25

Кварц ұны – арнайы технология бойынша кварцтан алынатын материал. Түйіршіктердің ірілігі 0,015 ...0,05 мм құрайды. Кварц ұнында S_iO_2 мөлшері 97,5 % құрайды, сеппелі тығыздығы 1120...1200 кг/м³, меншікті беті – 300350 м²/кг.

Кварц ұнының сипаттамасы МЕСТ 9077-82 [60] талаптарымен реттеледі және 10 кестеде келтірілген.

Кесте 10 – Кварц ұнының гранулометриялық құрамы

Елеуіш ұяшығының өлшемі, мм	0,2/0,1	0,1/0,05	-0,1/-0,5
	Фракция	-0,2 мм	
Елеуіштегі қалдық, %	1,6	47,8	50,6
	Фракция	-0,1 мм	
Елеуіштегі қалдық, %	1,0	12,5	86,5

ЭД -20 эпоксидті шайыр – композиттер өндірісінде, сонымен қатар әртүрлі беттерді құю және желім, қымтақтар дайындауда қолданылатын әмбебап олигомер материал. Пайдалы қасиеттерінің бірегей үйлесімінің арқасында эпоксид өнеркәсіпте де, тұрмыста да жарамды. Сантүрлі өнімдерінің арасынан ЭД 20 эпоксидті шайыры ерекшеленеді – жоғары сапалы арзан құрал. Шайырда эпоксидті топтардың орташа массалық үлесі 20 % тең, осыдан материал белгіленуі шығады.

ЭД – 20 әртүрлі қатайтқыштармен үйлеседі, кейбір жағдайларда пластификатордың қосылуы талап етіледі (дайын өнімнің қаттылығын азайту үшін). Қатайтуды суық және ыстық тәсілдермен (бөлме немесе жоғары температурада) жүргізуге болады, бұл процесс үшін пресстеу және термиялық жабдықтар талап етілмейді. ЭД-20 қасиеттері келесідей: тығыздығы жоғары, дайын өнімнің кеуектілігі жоқ; механикалық зақымдануға, агрессивті ортаға, ылғал әсеріне қаттылығы, төзімділігі өте жақсы; термотөзімділігі; диэлектрлік және коррозияға қарсы қабілеттілігі; пластикпен, металмен, шынымен, керамикамен, көмір талшықтарымен және өзге материалдармен жақсы адгезиясы; жұмыс жеңілдігі; аз отыруы, төмен меншікті салмағы болып табылады.

Егер эпоксидті-диан шайырының химиялық құрамын егжей-тегжейлі қарастыратын болсақ, ол келесідей болады:

- эпоксидті компоненттер – 20 - 22,4% дейін;
- сабындалатын хлор – 0,3 - 0,8% дейін;
- ұшқыш компоненттер – 0,3 - 0,7% дейін;
- заттардың гидроксильді тобы – 1,8%;
- хлор иондары – 0,002 - 0,006% дейін.

ЭД-20 эпоксидті диан шайырын дайындауда ешқандай пластификаторлар қосылмайды, сондықтан діріл немесе негізінің қозғалуы әсерінен қатайған қабаты сызаттармен жабылуы мүмкін [61].

Фибролану сәтіне дейін өнімде жақсы тұтқырлығы мен иілгіштігі байқалады. Қатайтқышпен қосу алдында тұтқырлық деңгейін төмендету үшін, шайырды кейде органикалық еріткіш көмегімен ерітеді.

Эпоксидті-диан өнімі келесі физикалық қасиеттеріне ие:

- қатайтқышпен аралыстырғаннан кейін, шайыр 90 мин кейін фиброланады;

- құрамы толығымен 24 сағ кейін беріктенеді;
- майысу төзімділігі 85–145 МПа құрайды;

- жұмысшы температура аралығы – 55 - 170 градусқа дейін;
- материалдың динамикалық тұтқырлығы 13 - 20 Па*с дейін құрайды;
- +20°C температурада тығыздығы 1,16 - 1,25 кг/м³ дейін құрайды.

3.2 Фибробетон құрылымын зерттеу және құрамын жобалау

Құрамын дұрыс анықтау фибробетон технологиясының маңызды операцияларының бірі болып табылады. Бұл анықтаудың мақсаты берілген технологиялық талаптарды толыққанды қанағаттандыратын, сонымен қатар мүмкіндігінше тиімді ететін фибробетон құрамын өндіріске тағайындау болып келеді [62].

Фибробетон – бұл нақты араласқан компоненттер: белгілі бір мөлшерлемеде алынған бітеуіш пен байланыстырушының – эпоксидті шайырдың қоспасының қатаюы нәтижесінде алынатын композициялық материал.

Фибробетонның дұрыс құрамы үшін оның беріктілігі мен жеңіл салынуына әртүрлі факторлардың әсерін білу маңызды, мәселен бітеуіштердің сапасы, олардың әртүрлі фракциялары мен қатайтқыштардың қатынасы және т.б. Фибробетон дайындау тәжірибесінде, әдетте, материалдар мен технологиялар өндіріс процесінде өзгермейді, яғни «берік тең шарттар» жағдайы болып келеді.

Жоғарыда айтылғандай, фибробетон дайындау бітеуіш ретінде қолданылатын ең үздік материалдар ұнтақталған кесек тасты шағал тас, кварц құмы, кварц ұны және фибра болып табылады. Беріктілігі жоғары фибробетон алу үшін бітеуіштердің әртүрлі фракцияларының оңтайлы қатынасын табу маңызды.

Фибробетон қоспасына бірқатар талаптар қойылады, олардың орындалуы қорытынды нәтижеге – машинажасауда пайдаланылатын дәстүрлі металдан өз сипаттамалары бойынша асып кетуге қабілетті композициялық материалдың алынуына кепіл беруі қажет.

Мұны сорғылар корпустарын дайындау технологиясы мен дайын бұйымдарды пайдалану шарттары талап етеді.

Қатайған фибробетонның жақсартылған беріктілік және серпімділік сипаттамаларына қол жеткізу үшін, ең бастысы қоспаның гомогенді болуына қол жеткізу қажет.

Демек, барлық компоненттер қоспа көлемінде біркелкі таралуы қажет. Сонда қатайғаннан кейін, композициялық материалда «осал» орындар болмайды, бұл қорытынды нәтижесінде жаңа материалдың беріктілік және серпімділік сипаттамаларын анықтайтын болады [63].

Фибробетоннан дайын бұйымдарды құю технологиясымен байланысты тағы бір маңызды мәселесі құю пішінінің кеңістігін толық толтыруға қабілетті жеңіл жылжымалы қоспаның алынуы болып табылады [64].

Бұл процесс үшін фибробетон қоспасының негізгі сипаттамасы оның жылжымалылығы болып табылады. Қоспаның жылжымалылығы немесе оның жеңіл салынуы оның құрылымының өзгеруінсіз деформациялану қабілеттілігіне тәуелді. Қоспаның жылжымалылығы бітеуіш фракциясы мен байланыстырғыш

мөлшерінің қатынасына тәуелді. Ол сынақты жолмен Абрамс конусының отыру шамасы бойынша анықталады. Матрицаны жақсы толтыру үшін фибробетон қоспасының жылжымалылығы 8...9 см болу қажет.

Баяндама келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді, фибробетонның кепілденген сипаттамаларының алынуын қамтамасыз ететін негізгі фактор, қоспаның оңтайлы құрылымы, яғни қоспаны құрайтын компоненттердің тиімді қатынасы, содан кейін қоспаны дайындау тәсілі мен технологиясы – компоненттердің сапалы араластырылуы болып табылады [65].

Ол үшін қоспаның тиімді құрылымын, және сәйкесінше оның құрамдастарының – бітеуіш пен байланыстырғыштың сандық қатынасын негіздеу үшін арнайы зерттеулер жүргіздім.

Зерттеулер негізіне салынған негізгі түйін, фибробетон беріктігінің қоспа тығыздығына, яғни бітеуіш түйіршіктері қаптамасының тығыздығына тәуелділігі жөніндегі тұжырымдама болды.


Алайда мұнда ескеретін жәйт, фибробетон қоспасын дайындау процесінде, бітеуіш түйіршіктерінің байланыстырғыш компонентімен – эпоксидті шайырмен еркін малынуын қамтамасыз ету қажет.

Осылайша, ең басты міндет фибробетон қоспасында таңдалған материалдар үшін олардың оңтайлы қатынасын іздеу болып келеді. Бұл міндет теориялық зерттеулерді үйлестіру және олардың нәтижелерін тәжірибеде тексеру арқылы шешілді [66].

Тиімді фибробетон қоспасының құрылымы.

Бірнеше теориялық зерттеулер, мәселен, көлемдік модельдеу жүргізгеннен кейін орнатылғандай, қоспада ауа кеңістіктерін аса тығыз толтыру үшін ол үзік гранулометрияға ие болуы, яғни, 2-3 фракциядан тұруы қажет. Әрбір фракцияның түйіршік өлшемдері бір бірінен біршама ерекшеленуі қажет. Бұл бітеуіштің қуыстылығымен байланысты.

Құм бөлшектерінің пішіні дөңгелектен ерекшеленеді, алайда жеңіл қабылдау үшін, оны шар деп қабылдайық. 18 суретте, қоспада мысал ретінде 1,2 мм; 0,2 мм және 0,02 мм өлшемді түйіршіктердің орналасуы көрсетілген. Егер суретте көлемдегі барлық түйіршіктерді көрсететін болсақ, онда ірі түйіршіктер ұсақтарды жауып тастайды. Көрнекілік үшін тек бірнеше түйіршіктер қалдырылған, ал аса ірілері – мөлдір болып келеді.



Сурет 18 – Қоспада 1,2 мм; 0,2 мм және 0,02 мм өлшемді түйіршіктердің орналасуы

Бұл жағдайда ірілігі үлкен түйіршіктер (кесекті шағыл тас) аса ұсақ түйіршіктермен (кварц құмы) бітеледі, ал майда бітеуіштердегі қуыстар ұсақ толтырғыштармен (кварц ұнымен) толтырылады.

Қорытындысында қатаю кезінде фибробетонның жоғары беріктігін қамтамасыз ететін тығыз құрылым пайда болады. Бұл тұжырымдама редуктор корпусын дайындауда фибробетонның тиімді құрамын таңдау әдістемесінің негізіне салынды.


Фибробетон қоспасының тиімді құрамын жобалау әдістемесі.

Берілген әдіс, консольді типті 1дің 20/30 ортадан тепкіш сорғы корпусының өлшемдеріне қолданылатын, таңдалған компоненттер көлемінің мәндерімен нақты бейнеленеді.

1. Аса ірі фракциясын таңдау. Фибробетон қоспасы құрамының таңдалуын аса ірі фракция өлшемін таңдаудан бастау қажет. Ол барлық қалған фракциялар өлшемін регламенттейтін болады, ал оның өзі жобаланып отырған фибробетоннан дайындалуы мүмкін болатын бұйымның қалыңдығына тікелей тәуелді болады.

Ірі фракция. Қоспада шайырды ауқымды үнемделуі бұйымға ерекше беріктілігін береді, алайда қоспаны қабаттанудан сақтау үшін көршілес аса ұсақ фракциялар болуы қажет. Түйіршік шамасының жоғарғы шеге бұйым қабырғасының қалыңдығы болып табылады. Құю кезінде қоспамен толтырылуы жақсы болу үшін, *үлкен түйіршіктер өлшемі осы қалыңдықтың 1/3 бөлігінен үлкен болмауы керек.* Құйылған бұйымдар қабырғасының қалыңдығы – шамамен 1 см. Сонда, келесі фракцияны пайдалануға болады: $10 \text{ мм} / 3 = 3,3 \text{ мм}$. Алайда, құю тәжірибесінің көрсетуі бойынша, мұндай ірі түйіршіктер гелькоутпен жабылған бұйым бетінде ірі және қажетсіз кедір - бұдырлықты береді. Сонымен қатар, тәжірибе көрсетуі бойынша, гелькоуттың қалыпты қабатымен жабу кезінде (0,5 мм), *1,2 мм дейінгі өлшемді түйіршіктер қажетті кедір - бұдырлықты бермейді.* Осылайша, *менің мақсатымда құмның аса оңтайлы ірі фракция: 0,8-1,2 мм құрауы қажет* екендігін айта кету керек.

Аталған өлшемді шарлардың проекциясын жазықтықта көрсететін болсам, түйіршіктердің орналасуын оңай елестетуге болады (сурет 19).



Сурет 19 – Жазықтықта түйіршіктер шарларының орналасуы

2. Келесі фракция, толық бітеу үшін, ірі фракциядан біршама кіші болу керек (бұл көлемдік модельдеумен дәлелденеді), демек бұл $0,1-0,3$ мм.

3. Ең ұсақ фракция $0-0,02$ мм құрауы қажет.

Қоспаға ұсақ фракция аз қосылатындықтан, ол өзіндік құнына қатты әсер етпейді. Сондықтан кварц ұнын алу қиындатылған жерде, оны *алюминий гидрототығымен* алмастыруға болады.

Көлемдік модель тұрғызу жолымен тығыз қоспа үшін аса тиімді құмдақтар өлшемдерін анықтау мүмкін болды. Мұнда фибробетон қоспасындағы компоненттердің сандық қатынасы маңызды болып табылады.

4. Толтырғыш фракцияларының тиімді қатынасын Фуллер формуласын пайдалана отырып анықтауға болады [67]

$$S = 100\sqrt{d/D} . \quad (3.13)$$

мұндағы S – түйіршіктердің әрбір өлшемдік фракциясының массасы, %;

d – әрбір фракцияда түйіршіктің максималды өлшемі, мм;

D – түйіршіктің максималды қажетті өлшемі, мм.

Мысалы мен қалыңдығы 10 мм бұйым үшін фибробетонды үшкомпонентті қоспаны жобалаймын. Түйіршіктің қажетті өлшемі бұйым қалыңдығының $1/3$ бөлігінен жоғары болмау шартының ескерілуімен 3,3 мм құрайды.

Әртүрлі фракциялардың дұрыс таңдалған бітеуіш қатынасы қоспа құрамын жобалауда аса маңызды. Бітеуіштің артық мөлшері, сонымен қатар майда фракциялардың жоғары мөлшері, одан ары қарай бұйымның құйылуын қиындататын аса тұтқырлы қоспаның алынуына, сонымен қатар беттік қабатта ауаның ауқымды жиналуына әкеледі.

Ірі фракцияның ауқымды мөлшері оның шайырмен жеткіліксіз қанығуының себебі болуы мүмкін, бұл одан бұйым дайындау барысында, қоспаның әркелкі отыруынан, бұйымда ақаулардың туындауына әкелуі мүмкін.

Фракциялар өлшемі есептіктен ерекшеленуі мүмкін болатындықтан, фракциялар бойынша бітеуіш көлемін автоесептеу матрицасын пайдаланады, олар 11 кестеде және 20 суретте көрсетілген.

Кесте 11 – Бітеуіштің жалпы көлемінен фракциялар көлемінің есебі

Бітеуіштің жалпы көлемінен фракциялар көлемінің есебі, % (Фуллер бойынша)		
Фракция (максимал мәні), мм	Максималды фракция, мм	Берілген фракцияның қажетті мөлшері
0,02	1,2	13
0,2	1,2	28
1,2	1,2	59

Қоспа фракцияларын Фуллер бойынша есептеу

Фракция, мм	Макс. Фр.	/	қоспадағы %
0,02		13	13
0,2		41	28
1,2	1,2	100	100
		0	0
		0	0

Мұнда өзіндік фракцияны енгізесіз

Мұнда берілген фракцияның қоспадағы % көре аласыздар

Мұнда ең ірі фракцияның өлшемін енгізесіз

Сурет 20 – Есептеу кестесінің түрі

Ескеру қажет, матрицаға берілген фракциядағы тек аса ірі түйіршіктер өлшемі енгізіледі.

Мысалы 0,8...1,2 мм (ірі) фракциясы үшін 1,2 мм шамасын енгізеді, ұсақ 0,08...0,3 мм үшін 0,1 мм шамасын енгізеді және т.с.с.

Көрініп тұрғандай менің жағдайым үшін, ірі фракция мөлшері 59%, орта-28%, ұсақ-13% құрауы қажет. Аса ірілер арасында кеңістіктерді бітеу толтыру үшін қажетті ұсақ фракцияның аз ғана мөлшері қоспаға қажетті шайыр мөлшеріне жағымды әсер етеді, себебі ұсақ фракция, дымқылданатын бетінің ауданы үлкен болғандықтан композиттік қоспаны жақсы қоюландырады.

5. Фуллер формуласы бойынша жасалған есептеулер, қоспаға қанша байланыстырғыш, яғни шайыр қосу қажет екендігіне жауап бермейді. Оның мөлшерін шамамен анықтау үшін, 1,3 л кварц ұнынан, 2,8 л – кварц құмы мен 5,9 л кесектасты шағал тастан тұратын құрғақ қоспа дайындауға болады. Мұны фракцияларды құрғақ күйінде араласиырып жасау қажет. Ары қарай, алдын ала ыдысын өлшеп, тура 1 литр құрғақ қоспаны алу қажет. Кеуексіз кварц құмының шынайы тығыздығы 2,65 г/л. Қуыс көлемі келесідей анықталады: $1 - (2 \text{ кг} / 2,65 \text{ кг}) = 0,25 \text{ л}$. Қоспада дәл осы көлемде қуыстылық болады.

Қоспаның мұндай көлемін дымқылдандыру үшін көрсетілген көлемнен артық шайыр қажет болады, себебі оның тұтқырлығы ауа немесе суға қарағанда жоғары болады. Осы көлемдегі құмды сумен дымқылдандырумен салыстырғанда, шайырдың біршама артық мөлшері қажет болады. Алайда берілген сынақ, өз тәжірибелік сынақтарды қандай көлемнен бастау қажеттігін анықтауға мүмкіндік береді.

6. Композиттік қоспа, қайсыбір пішінге құйылу үшін дайындалады.

Осы процесті тәжірибеде қарастырайын. Ыдысты тексереміз. Осы сыйымдылыққа араласқан құм қоспасын және алдыңғы тәжірибеде пайдаланылған 1л зертханалық үлгіні төгеміз. Құрғақ қоспаның литрмен мөлшерін анықтаймын. Мысалы 9 литр алынды делік. Құмды келесі сыйымдылыққа қайта төгемін. Есептеу жүргіземін: 1 л құмда 250 мл кеуек бар, демек, 9 л құмды дымқылдандыру үшін $9 \text{ л} \times 0,25 \text{ л} = 2,25 \text{ литр}$ шайыр қажет.

Тексерілген сыйымдылыққа 2,25 литр шайыр құямын, оған 20 мл қатайтқыш қосамын. Үздіксіз араластыра отырып, құм қоспасын себе бастаймын. Егер қоспа әлі де өте тұтқыр болса, тағы да 0,5 литр шайыр дайындаймын және құямын. Қоспаның араластырғыш қалақшалармен үзілуі тоқтаған кезде, және гомогенді бола бастағанда, сыйымдылықты еңкейтемін, және матрицаға құйылуын тексеремін.

7. Нақты матрицаның құю көлемін біле отырып, бұйымның қорытынды массасын білуге болады. Мысалы, құю көлемі 7 л болатын матрица маған массасы: $7 \times 2,1 = 14,7$ кг болатын бұйым береді.

8. Көлемдердің қосарлану коэффициентін есептеуге болады. Құм мен шайырдың әртүрлі фракцияларын араластырған кезде, түйіршіктер арасындағы ауа кеуектері аса майда материалдармен толтырылады. Бұл кезде, қосылған компоненттер көлемінің қосындысына қарағанда, қоспаның қорытынды көлемі төмен болады. Көлемнің азаю шамасын біле отырып, бастапқы қажетті компоненттердің көлемін болжауға болады. Мәселен, әртүрлі фракциялы бітеуіштерді араластыра отырып, $1,3 + 2,8 + 5,9$ литр шайырмен + 3 л, 13 литр аламын, ал қоспаның шынайы көлемі 10 литр болды.

Осылайша, мысалы 7 литр дайын қоспа алу үшін $13/10 \times 7 = 1,3 \times 7 = 9,1$ литр алу керектігін орнатуға болады, ал құрамдастары, мәселен фракциялар бойынша: шайыр $3/10 \times 7 = 2,1$ л; осыған ұқсас, майда құм: 0,91 л; орта: 1,96 л; ірі: 4,13 л

9. Дайын қоспа қосулы діріл үстелінде матрицаға құйылады. Пішінге қоспаны жайғаннан кейін, көпіршіктердің көтерілуі тоқтағанға дейін ол дірілге ұшырайды. Егер ең ірі құм қиыршығы түбіне шөгсе, ал бетіне таза шайыр шыкса, демек қоспа мінсіз емес, ол қабаттануда. Келесі сынақтарда, компоненттерінің мөлшерлік қатынасын өзгерте отырып, қоспа құрамы зерттеледі.

10. Бұл саты келесі түрде жүргізіледі. Литр шайырға шаққанда шамамен 100 мл кремний пироксиді (аэросила 200) құймаға қосылады. Яғни 3 литр үшін, құм қосу алдында шайырға осы заттың 300 мл араластыру қажет. Мөлшері тәжірибеде анықталуы мүмкін. Көп мөлшерде қосатын болса қоспа қоюланады, және шайыр қажет болмайды. Аэросилдің ұсынылатын мөлшері, діріл кезінде ірі құмды қоспа бетінде және массасында ұстап тұру үшін қоспаға жеткілікті тиксотроптылықты беру қажет. Оған қоса, бұл компонент молекулярлы дисперсті силикат болып табылады және қоспаға қатаю кезінде қосымша жарылу кедергісін береді.

11. Келесі саты – бұл майда орта құм фазаларының майда жағына қарай ығысуы және керісінше. Құм фракциясы аясында шынайы гранулометриялық құрамы белгісіз. Мысалы, 0,1-0,3 мм фракциясында 0,1 мм өлшемді қиыршықтардың мөлшері басым, немесе керісінше, өзге өлшемді қиыршықтар мөлшерінен төмен болуы мүмкін. Бұл берілген фракцияның шынайы қажетті пайызын оның азаю немесе ұлғаю жағына қарай ығыстырады. Ірі құм фибробетонға беріктілік, шөгуге қарсы қасиеті мен шайырдың аз тұтынуын беретін негізі болып табылатындықтан, бұл фракцияның мөлшерін реттеу қажет

емес. Жай ғана оны азайта отырып, мен шайырдың жоғары тұтынуын аламын, ал ұлғайта отырып – қоспаны қабаттанудан ұстай алмаймын.

Қоспа құрамын реттеу бойынша жүргізілетін тәжірибелер барысында берілген толтырғыш пен шайыр үшін қоспаның аса тиімді қорытынды құрамын анықтау қажет. Қоспа, діріл кезінде матрицаның ашық бөлігінде ірі құм шайыр қабатымен мүлдем жабылмайтындай болатын тығыз болу қажет. Ол тасымалдаушы ортада – тығыз қоспада «тұрып қалады». Бұл жағдайда қоспаның өзі минималды отырады және жарылуға ұшырамайды. Дайын бұйымдар қатайғаннан кейін өзінің салмағы әсерінен матрицадан жеңіл шығады.

12. Өндірістік шарттарда, қоспа компоненттерін таразыда өлшеу ыңғайлы. Ол үшін, алдын ала ыдысты өлшеп, әрбір құм фракциясынан тура 1 литрден, сонымен қатар 1л шайыр толтырып алу қажет. Ыдыс массасын азайта отырып, аламын, мысалы, 1 л шайыр массасы 1,1 кг; 1 л майда құм – 1,9 кг; орташа – 1,8 кг; ірі – 1,7 кг.

6 тармақта анықталған, қоспадағы көлемдік пайыздарды массаға түрлендіремін. Сонда массасы 21 кг болатын 10 л қоспа дайындау үшін, шайыр: $3 \text{ л} \times 1,1 \text{ кг/л} = 3,3 \text{ кг}$; майда құм: $1,3 \times 1,9 = 2,47 \text{ кг}$; орташа құм: $2,8 \times 1,8 = 5,04 \text{ кг}$; ірі: $5,9 \times 1,7 = 10,03 \text{ кг}$ араластыру қажет. Бұл, 10 литр дайын қоспаға кг-мен есептелген деректер болып келеді, мұны кез келген қажетті қоспа мөлшерін құру үшін қолдануға болады.

Қоспада шайыр мөлшерін бағалаймын: $3,3 \text{ кг шайыр} \times 100\% / 21 \text{ кг дайын қоспа} = 15,7\%$. Құю технологиясында 14% төмен шайыр мөлшеріне қол жеткізу мүмкін емес деп саналады. Және осы «абсолютті» минимумға жеткізу үшін, толтырғыштың дымқылданғыштығын ұлғайтатын, және шайыр тұтқырлығын төмендететін химиялық қоспаларды пайдаланады. Бұл дегеніміз өзіндік құнын ауқымды қымбаттатады.

Жүргізілген зерттеулер фибробетондардың оңтайлы құрамын таңдаудың тәжірибелік-теориялық әдісін жасақтауға мүмкіндік берді, ол келесі ерекшеліктерге ие. Фибробетондар құрамын үш сатыда жобалайды: алдымен тәжірибе жүзінде желімдегіш мастиканың оңтайлы құрамын анықтайды, одан кейін теориялық түрде «жартылай үзік гранулометрияға» ие бетон құрамындағы шағал тас өлшемдерін, фракциялар көлемін және олардың өзара қатынастарын есептейді, содан кейін бітеуіштер құрамы, құрғақ қоспаны таңдау құралында айқындалады.

Берілген әдістеме бойынша ары қарай жүргізілетін зерттеулер үшін фибробетон қоспасының тиімді құрамы таңдалды [68]:

- гранитті шағал тас 49-52;
- кварц құмы 23-27;
- болат фибра 2 - 4;
- кварц ұны 10-13;
- эпоксидті шайыр 8 – 12;
- қатайтқыш 1 – 3.

3.3 Фибробетонның беріктілік сипаттамаларын зерттеу

Ортадан тепкіш сорғылар корпустарын дайындауда қолданылуы мүмкін фибробетонның негізгі сипаттамаларының бірі сығу мен иіліске беріктілігі болып табылады. Фибробетонның таңдалған құрамы үшін осы сипаттамаларды анықтау мақсатында келесі әдістеме бойынша арнайы зерттеулер жүргізілді.

Сығу мен иіліске фибробетон беріктілігінің өзгеру заңдылықтарын орнату бойынша зертханалық зерттеулер үлгілерде – арқалық пішіндес сынамаларда жүргізілді. Жұмысшы қимасының өлшемі 40x40x160 мм болатын үлгілер негізге алынды.

Сынамаларды құю пішіндерін жасақтауда келесі талаптар жетекшілікке алынды:

- МЕСТ 10180 сәйкес үлгілер өлшемдері эксплуатациялау мерзімі барысында сақталуы қажет;

- Діріл алаңына мықты бекітілуі;

- Қатайған үлгілер зақымданбай алынуы;

- Жиналуы және шашылуы қарапайым құрал-сайманның қолданылуымен жүру (гайка кілттері, бұрауыш және т.с.с.);

- Алынбалы элементтер өзара алмастырылатын болуы;

- Пішін конструкциясы, қоспаны нығыздау процесінде діріл әсерімен құрастырмалы элементтердің өздігінен босап кету мүмкіндігін жоюы.

- Пішіндерді алынбалы элементтердің минималды санынан дайындау қажет;

- Жиналған пішіндердің ішкі сызықтық өлшемдерінің шекті ауытқулары олардың номиналды шамасынан $\pm 0,5\%$ жоғары болмауы және ± 1 мм. артық болмауы;

- Кубтар, призмалар мен цилиндрлердің тірек қырларын түзетін пішіндердің жұмысшы беттерінің ойыстық (дөңестік) пен бұрыш нүктелеріне қатысты жазықтықтан ауытқуы 100мм ұзындыққа 0,06 мм артық болмауы керек;

- Пішіндердің аралық қабырғаларының жұмысшы беттерінің, сонымен қатар тірек және бүйір беттерінің перпендикулярлығынан ауытқуы 100 мм ұзындыққа 0,5 мм артық болмауы керек;

- Құрастырмалы түйіндер мен бөлшектердің жанасу орындарындағы саңылау 0,2 мм артық, ал аралық қабырғаларда - 0,4 мм артық болмауы керек.


Жоғарыда келтірілген талаптарды жетекшілікке ала отырып, пішіннің негізгі бөлшектері МЕСТ 380* бойынша Ст3 маркалы болаттан дайындалды, ал жылдам тозатын бөлшектер (гайкалар, бекіткіш, тіреуіштер мен т.б.), сонымен қатар ойықтарда бекітілетін алынбалы аралық қабырғалар МЕСТ 1050 бойынша Ст35 маркалы болаттан дайындалды және ары қарай термиялық өңделді. Бұл кезде жұмысшы беттерде сызаттардың, ішке майысулардың, қатпарлардың, сызықіздерінің болмауын тексереді.

Қалыптардың бүйір жұмыс беттерінің кедір - бұдырлығы $R_a \leq 3,2$ мкм, ал типтер қалыптарының түбі мен барлық жұмыс беттерінің МЕСТ 2789 бойынша $R_a \leq 25$ мкм болуын қамтамасыз етуге тырыстым.

Бір уақытта иілу және сығу кезінде созу беріктілігіне талаптар қойылатын фибробетондарды өндірістік бақылау кезінде, призма үлгілерін иілуге сынағаннан кейін алынған жарты призма үлгілерін сынау арқылы фибробетонның сығуға беріктігін анықтау рұқсат етілген. Пішінделген үлгілер өлшемдерінің қабырға ұзындығы, призмалардың көлденең қимасының жақтары бойынша номиналды өлшемнен ауытқуы $\pm 1\%$ аспайды. Пресстеу тақтастарына іргелес призманың тірек беттерінің жазық еместігі 100 мм ұзындыққа 0,05 мм аспайды. Сығуға сынау үшін арналған призманың аралық қырқарылының перпендикуляр еместігі 100 мм ұзындыққа 1 мм аспайды.

Үлгілерді, үш призмадан тұратын сериямен дайындайды. Үлгілер маркаланады, оны сынау процесінде көрінетін қырына жазады.

Қорытынды үлгілерді дайындау пішіндері (сурет 21) МЕСТ 22685-77 талаптарына сай келеді [69]. Үлгілердің жалпы түрі 21 суретте келтірілген.



Сурет 21 – Бақылау үлгілерін – шаршы қималы призмаларды дайындау пішіндері

Үлгілерді дайындау алдында жиналған пішіндердің ішкі беті жақсылап тазаланады және фибробетонның пішінге жабысуына кедергі болатын бөлу қабатымен жабылады.

Бақылау үлгілерін дайындау үшін қолданылатын фибробетон қоспасының сынамасы қоспаның орта бөлігінен алынады.


Фибробетон қоспасының алынған сынамасын үлгілерді пішіндеу алдында қосымша араластырады. Үлгілерді пішіндеу сынаманы алған соң 10 мин кейін кешіктірмей жүргізіледі.

Үлгілерді дайындаудың фибробетон қоспасын СН-525-80 нұсқаулық талаптарына [70] сәйкес дайындайды.

Пішінде фибробетон қоспасын жаю және тығыздауды 10180-2012 талаптарына және СН-525-80 нұсқаулығына сәйкес жүргізілді.


Фибробетон үлгілерінің қатаюы СН-525-80 нұсқаулығының талаптарына сәйкес жүргізілді [70, 25 с.]

Үлгінің биіктігі (сурет 22, 23) МЕСТ 22372-77 талаптарына сәйкес анықталды [71, 14 с.].



а– 40x40; б– 100x100;

Сурет 22 – Бақылау үлгілері – сегіздіктер. Ортаңғы бөлігінің жұмысшы қимасының өлшемі, мм.



Сурет 23 – Бір жағы кеңейтілген бақылау үлгілері – біліктер

Сынама құрамын дайындау технологиясы

Сынақтар үшін фибробетон үлгілерінің дайындалуы бірнеше сатыда жүзеге асырылады.

Фибробетон сынамаларын құю технологиясының бірінші сатысы – шикізат компоненттерін дайындау. Фибробетондар толтырғыштары мен бітеуіштерінің ылғалдылығы 0,5 ...1 % аспауы керек. Бұл, фибробетондардың беріктілігі мен өзге қасиеттерінің, ылғал бітеуіштерді қолданған жағдайда, күрт төмендеуімен түсіндіріледі: яғни, бітеуіш бөлшектеріндегі судың жіңішке қабаты фиброн ұстастырғышының қатаюын нашарлатады және оның оларға адгезиясын төмендетеді. Сондықтан бітеуіштер мен толтырғыштарды кептіру шкафында 80...110°C температурада кептіреді және мөлшерлеу алдында міндетті түрде қалыпты температураға дейін салқындатады.

Толтырғыш ретінде майда ұнтақталған гранитті (қара және ақ), шойтасты (кесте 12), сонымен қатар кварц құмын пайдаланады.

Синтетикалық шайыр мен қатайтқышты қолдану алдында қажетті тұтқырлыққа дейін қыздыру және еріткіш (646, ацетон) енгізу арқылы жеткізеді.

Фибробетон қоспасын иірімелі бұрғының пайдаланылуымен қолмен дайындайды. Алдымен байланыстырғышты дайындайды, одан кейін дайындалған қоспаға бітеуіштерді енгізеді. Байланыстырғышты 30...60 с уақытта дайындайды. Дайын қоспаны бірден арнайы сыйымдылыққа тиейді, мұнда алдын ала араласқан және өңделген модификациялаушы бітеуіш қоспалары (аз мөлшерде байланыстырғыш) болады. Бітеуіштерді байланыстырғышпен араластыруды 1,5...2 мин аралығында жүргізеді.

Аса жоғары тұтқырлығы мен фибробетон қоспаларының жабысқақтығы салдарынан дірілмен нығыздау жиілігі жоғары болатыр діріл үстелі пайдаланылды.

Пішіннен фибробетон бұйымдарын кедергісіз алу үшін, майлау құрамдарын – ажыратқыштарды пайдаланады.

Фибробетон қоспаларының дайындалуын келесі ретпен жүргізеді. Алдымен байланыстырғышты дайындайды, содан соң дайындалған қоспаға бітеуіштерді енгізеді. Байланыстырғышты 30...60 с аралығында дайындайды. Дайын қоспаны бірден арнайы сыйымдылыққа тиейді, мұнда бітеуіштерді байланыстырғыштың аз мөлшерімен алдын ала араласқан және өңделген *модификациялаушы қоспалар* болады. Бітеуіштерді байланыстырғышпен араластыруды 1,5...2 мин аралығында жүргізеді.

Бітеуіш сыйымдылығына шайырдың (мономердің) бір бөлігін енгізудің мақсаты бітеуіштер бетінде шайырдың жұқа қабықшасын құру. Бұл кезде ары қарай байланыстырғышты енгізеді, мұнда өңделмеген бітеуішке байланыстырғышты енгізу кезінде орын алғандай, бітеуіш байланыстырғыштан шайырды адсорбцияламайды және байланыстырғыштың жанасу қабаттарының беріктігі төмендемейді.

Қоспаны екі сатыда алудың бірқатар артықшылықтары бар: араластыру циклының жалпы ұзақтығы қысқарады және шайыр (мономер) шығыны азаяды; байланыстырғыш құрамы бойынша біртекті болады, және оны тұтқырлығы мен тіршілік ету бейімділігін реттеу мақсатында дайындау барысында қыздыруға немесе салқындатуға, сонымен қатар енгізілген ауаны жою және беріктілігін арттыру үшін вакуумдауды жүргізуге болады.

Илем көлемін таңдау кезінде фибробетон қоспаларының аз тіршілік ету бейімділігіне байланысты, оларды қалау араластырудан кейін бірден жүзеге асырылады. Кері жағдайда, шайыр мен қатайтқыштың әрекеттесуі кезінде бөлінетін жоғары жылу мөлшерінен қоспаның жылдам өздігінен қызуы жүруі мүмкін, ол шайырдың қатаюының ауқымды үдеуіне және қоспаның уақыттан бұрын қатаюына әкеледі.

Корпус бөлшектерін құю кезінде фибробетон қоспасы компоненттерінің артық шығынын болдырмау үшін илем көлемі пішінге құйылатын су көлемі бойынша анықталады. Фибробетон қоспаларының аса жоғары тұтқырлығы мен

жабысқақтығы салдарынан дірілмен нығыздау жиілігі жоғары болатын діріл үстелі пайдаланылды. Пішіннен фибробетон бұйымдарын кедергісіз алу үшін, майлау құрамдарын – ажыратқыштарды – «Пента – 120» сериялы П-126 П маркалы адгезияға қарсы майлар пайдаланады.

Бақылау үлгілері – сынамалар ретінде қимасы 40мм.х40мм., ұзындығы 160 мм болатын шаршы қималы призмалар пайдаланылды (сурет 24) [72].

Сынамалар құрамы, қоспада мөлшері әртүрлі болатын әртүрлі матриалдардың пайдаланылуымен қатайған фибробетон сипаттамаларын анықтау шарттарынан таңдалады.

Фибробетондар қалыпты температурада қатаюы мүмкін, алайда мұндай шарттарда беріктілік жиналуы кейде ұзақ жүреді - 100-300 тәулікке дейін. Сондықтан беріктігі жоғары материалды жылдам алу үшін пішіндегі фибробетонды кептіру шкафында $\approx 80^{\circ}\text{C}$ температурада қыздырады [73].



Сурет 24 – Бақылау үлгілері – сынамалар

Фибробетондардың қатаюы оның молекулалық құрылымын қайта топтастыру (молекулаларды нығайту және кеңістіктік тор байланыстарының түзілуі) кезінде кезінде фибро байланыстырғыш көлемінің кішіреюі есебінен шөгуге қатар жүреді. Эпоксидті шайырлар үшін отыру 1...2% жетеді, сондықтан өтеу бойынша ешқандай шаралар қолданылмайды.

Кесте 12 – Сынамалар құрамы

№	Құрамдастар	Құрам 1		Құрам 2		Құрам 3	
		Шығыны, %	Шығыны, г.	Шығыны, %	Шығыны, г.	Шығыны, %	Шығыны, г.
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Гранитті шағыл тас	51	1000,0	52	1040,0	-	-
2	Кесектасты шағылтас	-	-	-	-	51	1000,0

12-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
3	Кварц құмы	25,5	502,0	-	-	25,5	502,0
	Кварц ұны	11	220,0	-	-	11	220,0
	Андезит ұны	-	-	33,6	620,0	-	-
4	Фибра:						
	Болат сым	3,5*	70*				
	Шыны талшықты			3,5*	70*		
	Болат анкерлі типті					3,5*	70*
5	Шайыр	10,6	200,0	12	240,0	10,6	200,0
6	Қатайтқыш	2,0	40,0	2,4	50,0	2,0	10,0
*- + барлық массаға.							

3.4 Фибробетон сипаттамаларының зертханалық зерттеулері

Қысуға, созуға қысқамерзімді беріктігін және иілім кезінде созылуын анықтау бойынша сынақтар жүргізу үшін қажетті жабдықтарды, құралдар мен саймандарды МЕСТ 10180-2012 бойынша қабылдайды.

3.4.1 Сынақтарға дайындау

Сынау алдында үлгілерді – призмаларды тексереді және өлшейді. Үлгілерді өлшеу үшін сынау кезінде олардың жұмыстық күйін анықтайды және тірекке жанасатын қырларын қызыл бояумен белгілейді. Үлгі-призмалардың сүйеніш беттерінде сынақтар сұлбасына сәйкес сүйені орындарын және жүктеме түсетін нүктелерді бояумен белгілейді. Сүйеніш қырларының қабырғаларында фибробетон қатпарларын егеумен және ажарлауыш шарықпен алады.

МЕСТ 10180-78 талаптарына сәйкес тексереді проверяли:

- жапсарлас беттердің перпендикулярлығы емес;
- Тіреу беттерінің жазық еместігін;
- Үлгінің нақты өлшемдерін;
- Таңбалау;
- Ақауларды анықтайды және нәтижелерді сынақтар журналына жазады.
- Сынақтар алдында үлгілерді белгілейді:
- бойлық деформацияларды өлшеу базасы (оның биіктігінің 2/3 аспайтын), ол үлгінің ұштарынан бірдей қашықтықта тағайындалады.
- әдетте үлгі жағына тең және кемінде 40 мм болатын көлденең деформацияларды өлшеу базасы;

- үлгінің бүйір беттерінде сынақ машинасының (Престің) осіне қатысты үлгілерді бастапқы орталықтандыруға арналған орталық сызықтар қолданылды.


Сынақ алдында үлгілерді 10-20 сағ аралығында зертхана ғимаратында ұстап тұрады. Сынақтар жүргізілетін ғимаратта, МЕСТ 18957-73 талаптарына сәйкес ауаның 70 % артық емес салыстырмалы ылғалдылығында жұмысшы температуралар аралығы $20 \pm 5^\circ\text{C}$ болады, мұнда сынақ жүргізу барысында температураны $\pm 1^\circ\text{C}$ және ауа ылғалдылығын $\pm 5^\circ\text{C}$ қа өзгерту мүмкіндігі бар [74].

3.4.2 Қысқамерзімді беріктілік және серпімділік сипаттамаларын анықтау әдістемесі

Қысуға, созуға қысқамерзімді беріктігін және иілім кезінде созылуын анықтау бойынша сынақтар МЕСТ 10180-2012 талаптарына сәйкес жүргізіледі (иіліммен созылуын сынау кезінде жүктеме барысында үлгілер-призмалар кернеуі тұрақты жылдамдықпен үздіксіз жоғарылауы қажет ($0,15 \pm 0,05$) МПа/с).

Қысуға, созуға қысқамерзімді беріктігін және иілім кезінде созылуын анықтау бойынша сынақтар нәтижелерін өңдеу [МЕСТ 10180](#)-2012 талаптарына сәйкес жүргізілуі қажет.

Тірек элементтерінде үлгінің орналасу сұлбасы, олардың пішіні, өлшемдері мен өзара орналасуы 25 суретте келтірілген.




Сурет 25 – Тіреу элементтерінде үлгінің орналасу сұлбасы

Қысу кезінде үлгілердің беріктілік шегін анықтау үшін 1000 кН шекті жүктемесімен гидравликалық пресс қолданылуы қажет, ол таза қысу режимінде үлгінің жүктелуін қамтамасыз ету қажет.


Үлгінің тіреуіш қырларының параллель еместігінен кеңістіктік ауытқуды өтеу үшін прессте қозғалмалы жұмыр тірегі және үлгіге жүктеме беретін қысқыш табақшаны орталықтан орнату құрылғысы болу қажет.

Арқалық-үлгілер жартысына жүктемені беру үшін қысқыш табақшалар 56...61 қаттылығымен болаттан дайындалуы қажет. Табақшаның пішіні мен өлшемі 26 суретте келтірілген.



Сурет 26 – Үлгілер-призмалар жартысына жүктеме беру табақшалары

Иілуге сынақтар жүргізгеннен кейін алынған алты арқалық жартыларды бірден қысу сынақтарына ұшыратады. Арқалық жартыларды екі табақшалар арасына, дайындау кезінде пішін қабырғаларына жанасқан бүйір қырлары табақшалар жазықтығында болатындай етіп орналастырады, ал табақшалар тіректері бүйіржақ тегіс жазықтығына тығыз жанасуы қажет (сурет 27). Үлгі табақшалармен бірге престің тірек тақтатасында центрленуі қажет. Сынақтар барысында жүктеме өсуінің орташа жылдамдығы - $(2,0 \pm 0,5)$ МПа/с.



1 – престің төменгі тақтатасы; 2 - табақшалар; 3 – престің жоғарғы тақтатасы.

Сурет 27 – Қысуға сынау кезінде қысқыш табақшалар арасында үлгінің орналасуы

3.4.3 Үлгілерді иілуге сынау

Зерттеулерді бақылау үлгілерінде – орта бөлігінің қимасы 40x40 мм, L=160 мм. призмаларда жүргізеді. Үлгінің ортаңғы бөлігінің биіктігі мен енін нақтылығы 0,1 мм дейін болатын штангециркуль көмегімен анықтайды, үлгілер сынағын максималды күші 100 кН гидравликалық қол пресспен орындайды. Зерттеулер жүргізу үшін, d=10 мм шыбықтан екі тірек бекітілген болат дисктен тұратын пресс тіркемесі (сурет 28) жасалды. Үлгілердің жүктеме көрсеткішін

бақылау үшін пресстің штаттық маномерті пайдаланылды, ал $P_{май}$ есептеу үшін пресс піспегінің диаметрін $d_{порш}$ өлшейді [75].

$P_{майысу}$ есебін келесі формула бойынша жүргізеді

$$P_{май} = d_{порш} \cdot p, \quad (3.14)$$

мұндағы p – пресстің жұмыс орнының қысымы, Па (Н/см²)

иілу кезінде беріктілік шегін келесі формуламен есептейді

$$\sigma_{изг} = \frac{M_{изг}}{c \cdot h^2}, \quad (3.15)$$

мұндағы $\sigma_{изг}$ – иілу кезінде беріктілік шегі, Па;


c – омырық орнында үлгі ені, м;

h – омырық орнында үлгі биіктігі, м;

$P_{май}$ – үлгінің ортаңғы бөлігіндегі жүктеме, Н;

W_{x-x} – үлгі қимасының кедергі моменті, м²;

l – тіректер арасындағы қашықтық, м



Сурет 28 – Иілуге беріктілік шегін анықтаудың есептік сұлбасы

Сынақтар нәтижелері 13 кестеде көрсетілген

Кесте 13 - Иілу кезінде фибробетон үлгілерінің беріктілік шегі

Үлгі №	Өлшемі		Пресстің жұмыс орнының қысымы P , МПа	Үлгі қимасының кедергі моменті, W_{x-x} , см ³	Игіш жүктеме $P_{иілу}$, кН	Иілу кезінде беріктілік шегі, МПа
	c , см.	h , см.				
1	2	3	4	5	6	7
1.1	4,0	4,2	51	11,76	1,62	73,6
1.2	4,0	4,0	45	10,67	17,31	81,12
1.3	4,1	4,3	51	12,63	19,62	77,67

13-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
2.1	3,9	4,2	51	11,47	19,62	85,53
2.2	4,2	4,2	53	12,35	20,38	82,55
2.3	4,2	4,1	50	11,77	19,23	81,71
3.1	4,0	4,4	55	12,91	21,16	81,95
3.2	4,0	4,2	53	11,76	20,39	86,69

3.4.4 Үлгілерді қысуға сынау

Зерттеулерді иілу сынақтарынан кейін алынған тоғыз жарты үлгілермен жүргізеді. Үлгінің ортаңғы бөлігінің биіктігі мен енін нақтылығы 0,1 мм дейін болатын штангенциркуль көмегімен анықтайды, үлгілер сынағын максималды күші 100 кН гидравликалық прессте орындайды. Зерттеулер жүргізу үшін, 3.13 суретте келтірілген сұлба бойынша қысқыш табакшалар қолданылды.



Сурет 29 – Қысуға сынау кезінде сынамаларды орналастыру

Жеке үлгіні қысу кезінде беріктілік шегін қиратушы жүктеме шамасының (кН) табакшаның жұмысшы ауданына $S_{пл.}$ (см²), яғни 4,0 см² бөліндісінен дербес ретінде, алты үлгінің төрт аса жоғары сынау нәтижелерінің орташа арифметикалық шамасы ретінде есептейді (кесте 14) [76].

$P_{қысу}$ есебін келесі формуламен жүргізеді

$$\sigma_{сж} = \frac{P_{сж}}{S_{пл.}}, \quad (3.16)$$

мұндағы $S_{пл.}$ — қысқыш табакшалардың тірек ауданы.

Кесте 14 – Қысуға беріктілік шегі

Үлгі №	Пресс манометрінің көрсеткіші p , МПа	Қиратушы жүктеме, кН	Қысуға беріктілік шегі, МПа
1.1	80	30,77	136,76
1.2	82	31,55	140,22
1.3	81	31,16	138,49
2.1	131	50,40	224,00
2.2	130	50,01	222,67
2.3	128	49,24	218,84
3.1	138,0	53,09	235,96
3.2	136,0	52,31	232,49
3.3	140,0	53,85	239,33

3.5 Фибробетондардан бөлшектер құю технологиясына техникалық тапсырма

Әртүрлі толтырғыш-фибралармен фибробетондар үлгілерін зерттеу нәтижелері бойынша келесідей қорытындыға келемін, олардың барлығы ортадан тепкіш сорғылар корпустарына, механикалық беріктілік тұрғысынан, және химиялық төзімділік тұрғысынан қойылатын талаптарды қанағаттандырады.

Кесте 15 – Әртүрлі материалдар сипаттамасы

Зат	Беріктілік шегі $\sigma_{пр}$, МПа		
	Созу	Қысу	Ығысу
Алюминий	200	200	200
Болат	500	500	250
Шойын	170	550	170
Бетон	2	20	2
Кірпіш	-	35	-
Гранит	-	170	-
Талшық бойлық ағаш (қарағай)	40	35	5
Нейлон	500	-	-
Қаңқасы (аяғы)	130	170	

Фибробетондар беріктігінің болаттың беріктілік шегінен айырмашылығы көп емес (170 МПа - созу, 550 МПа қысу, осы шектер алюминий қорытпалары үшін (сәйкесінше 200 және 200 МПа), ал бұл көрсеткіштер фибробетондар үшін – 77-82 МПа (иілім кезінде созу), 138-235 МПа (қысу) болды. Ал беріктілік қорының коэффициентін ескеретін болсам, рұқсат етілген кернеу бойынша, фибробетондар беріктігі ортадан тепкіш сорғыларының корпустарын дайындауда қолайлы болып табылады [77].

Алынған деректердің, сонымен қатар сорғы корпустарына механикалық беріктігі тұрғысынан және химиялық төзімділігі тұрғысынан қойылатын

талаптардың ескерілуімен, бізбен фибробетондардан ортадан тепкіш сорғы корпустарын дайындау технологиясын жасақтаудың ТТ жасалды және келісілді [78] (Қосымша А).

3 - бөлім бойынша қорытынды

1. Фибробетон қоспаларының үшкомпонентті бітеуштерінің құрамын жобалаудың теориялық негізделген және тәжірибелік тексерілген әдістемесі жақсартылған сипаттамаларымен сорғы корпустарын дайындау үшін конструкциялық материалдың кепілденген алынуына мүмкіндік береді.

2. Фибробетон қоспаларында ірі, майда және ұсақ бітеуіштер түйіршіктерінің өлшемі бірқатар айрықша болуы керек. Бұл жоғары тығыздықты, және салдары ретінде фибробетонның жоғары тығыздығын қамтамасыз етеді.

3. Сорғы корпустарын дайындау үшін фибробетон қоспасының тиімді құрамын таңдаудың жасалған әдістемесі Қазақстан Республикасы патентімен қорғалған қоспа құрамын ұсынуға мүмкіндік береді:

- гранитті шағыл тас 49-52 %;
- кварц құмы 23-27 %;
- болат фибра 2 – 4 %;
- кварц ұны 10-13 %;
- эпоксидті шайыр 8 – 12 %;
- қатайтқыш 1 – 3 %.

4. Иілу беріктігінің сынақтары, болат анкерлі фибралардың қолданылуымен алынған фибробетондар құрамы аса берік болады деген тұжырымдаманы растады және көрсетті. Болат фибралы үлгілерде иілу беріктігінің шегі 2-3 есе жоғары және қысу беріктігінің шегі 15-20 есе артық болып келеді.

4 СОРҒЫ КОРПУСТАРЫН ФИБРОБЕТОННАН ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

4.1 Фибробетоннан сорғы корпустарын құю жабдығы

Технологиялық процесті жүзеге асыру барысында көбі пайдаланылатын жабдықтамаға тәуелді болады, оның басты элементі аталмыш пішін, яғни матрица болып келеді. Нарықта дайын жабдықтар кездеседі, алайда менің жағдайымда бұл мүмкін емес болды. Себебі, ортадан тепкіш сорғы шиыршықтарының корпустарын құю пішіндерімен әзірге ешкім айналыспаған.

Құйылған бөлшектерді дайындаудың басты ерекшелігі, олардың барлық қасиеттері (физикалық, химиялық, механикалық және т.б.) тек бір металлургиялық өңделімде – компоненттер қоспасын құйма пішініне құю және оны сонда кристалдандыру кезінде қалыптасуы болып табылады. Құйма дайындау технологиясы ауқымды мөлшерде оның сапасын, яғни құйылған бөлшектің сапасын қалыптастырады және анықтайды. Металдан құйма металдың жетілдірілмен конструкциялануы және құю тәсілінің дұрыс таңдалмауы механикалық өндеудің ауқымды әдібін тудырады. Бұл артық білдек паркін, аспаптарды, технологиялық жабдықтарды, өндірістік алаңдарды және т.б. талап етеді. Мұның бірі металды жоңқаға өткізу үшін бағытталады. Құю кезінде металдан құюдың беттік қабаты қаттылығы жоғары аса майдатүйіршікті құрылымға ие болады, ал механикалық өндеумен бұл қабат алынбайды. Механикалық өндеу әдібі жоғары болған сайын, соншалықты беріктенген беттік қабаты алынады, бұл бұйымның беріктілік сипаттамаларын нашарлатады және оның қызмет көрсету мерзімін төмендетеді.

Ұсынылып отырған құрамды фибробетонда аталған кемшіліктер жоқ. Ол компоненттер қоспасынан механикалық өндеуді талап етпейтін бұйымдарды қалыптастыру мүмкіндігімен сипатталады.

Алайда фибробетоннан корпус бұйымдарын құю пішіндерін дайындау процесі жеткілікті толық зерттелмеген, себебі оның фибробетон қоспасының бастапқы материалдарымен байланысты бірқатар айрықша ерекшеліктері бар. Сондықтан зерттеу міндеттерінің бірі фибробетоннан ортадан тепкіш сорғының корпус бөлшектерін құю технологиясын, мәселен осы технологияны жүзеге асыру үшін жабдықтардың конструкциялық шешімдерін жасау болды.

Жабдықтаудың басты элементі пішіні, яғни матрицасы болып табылады. Нарықта дайын жабдықтамалар бар, алайда менің жағдайымда оның пайдаланылуы мүмкін емес болды. Бұл, сорғылар корпустарын құю пішіндерімен әзірге ешкім айналыспағанымен байланысты [79].

Болат және шойын құймадан ортадан тепкіш шиыршықтарын құю технологиясы үш технологияның біреуін қолдануды болжайды:

- балқытылатын пішіндер бойынша құю: мұндай технологияда шиыршықтың сыртқы және ішкі қуысы құмнан, ал шиыршықтың өзі, ары қарай балқытылатын балауыздан дайындалады;

- шиыршықтың жоғарғы және төменгі бөліктерінің жеке құйылуы, яғни алдымен шиыршықтың жартысы құйылады, ары қарай балқытылады.

- ішкі қуысына ұқсайтын құмы пішіні дайындалатын құм пішініне жартылардың бірін құяды, ары қарай тұтас шиыршықты бір құм пішініне біріктіріп құяды. Құм пішінін алып тастау үшін барлық қорамжәшік қағымдау торына орналастырады.

Мұндай технология шиыршықтың ішкі бетінің күрделі пішінімен шартталады.

Фибробетоннан шиыршық корпусын құю кезінде мен 2-ші технология бойынша жүрдім: алдымен шиыршықтың екі жартысын құямын, одан кейін эпоксидті құраммен жабыстырамын.



Сурет 30 – Екі бөлікке бөлінген шиыршық корпусы

Әдетте пішіндер каркасын дайындау үшін сипаттамасы бойынша пластикке ұқсас композитті материалды пайдаланады, мен қалыңдығы 0,5...0,6 мм жайма болатқа және №4 бұрыштықтарына тоқталамын, оны өзара байланыстыру үшін түйіспелі пісіруді қолданған ыңғайлы.



Сурет 31 – Пішінде құю каркасының жартылары

Алдын ала екі бөлікке бөлінген (суреттер 30, 31), шиыршықтың әрбір жартысы үшін сыртқы контурының құю пішінінің каркасы ажырамалы етіп жасалған. Шиыршықтың екі жартысын да бөлгіш тілімшеге бекітеді және М6 болттарымен тартылған, каркас жартыларының арасына орнатады.

Сыртқы бетін пішіндеу материалы ретінде құймалы силиконды пайдаланады. Құю кезінде жиналған пішінді тігінен орнатады, силиконды шығару келтеқұбырына қарама-қарсы жағынан құяды.

Силикон – бұл фибро, оның негізі кремний мен оттегі молекулаларының тізбегі болып табылады. Кремний атомдарына органикалық топтар (фенил, этилдік, метилдік) қосылады. Бұл кезде силиконда, органикалық топтармен байланысқан бірнеше кремний-оттекті тізбектер кездесуі мүмкін. Олардың химиялық формуласы $[R_2SiO]$, мұндағы R – бұл органикалық топ.

Силикон қасиеттері, ондағы кездесетін органикалық топқа ғана байланысты емес, сонымен қатар тізбектер санына, олардың ұзындығына, буындар арасындағы айқас біріктірмелер санына тәуелді.

Барлық силикондар буындар санына, тізбектердің өзара бірігу дәрежесіне, тізбектер ұзындығы мен молекулалық массаға байланысты үш үлкен топқа бөлінеді:

- Силикон сұйықтықтар (буындар саны кемінде үш мың болатын);
- Силикон эластомерлер (үш мыңнан он мыңға дейін буындары бар);
- Силикон шайырлар (буындар саны он мыңнан асатын және айқан байланыстар саны ауқымды болатын материалдар).

Техникада және өнеркәсіпте ультра күлгін және радиациялық сәулеленуге төзімділігі, химиялық инерттілігі, жоғары және төмен температураларда созылмалылығын сақтауы және т.б. сияқты силикон қасиеттері сұранысқа ие.

Жүргізілген талдау көрсетуі бойынша, матрицаларды дайындау барысында фибробетоннан сорғылар бөлшектерін құю үшін аса үздік материал төмендегі сипаттамаларға ие «Силагерм 7140» силиконы болып табылады:

Шору бойынша қаттылығы, А	35-45
Компаундтың жорымал тұтқырлығы, сПз.....	10 000 – 250 000
Ажырау беріктілігі, МПа (кгс/см ²)	2,0 (20) -3,5 (35)
Жырмалау беріктігі, кН/м	10 -15
Салыстырмалы ұзаруы	200 – 250

7000 классты силикон – бұл поликонденсация қағидасы бойынша қалайы қосындыларымен қатаятын силикондар, олардың ажырау беріктігі жоғары, сонымен қатар эксплуатациялау төзімділігі мен ұзақ мерзімділігі жоғары болады.

Силагерм 7140 бөлме температурасында 24 сағат ішінде қатаяды. Ол конфигурациясы күрделі пішіндерді дайындауда қолданылады. Шору бойынша қаттылығы 35-45 А көлемдік ірі құю кезінде пішін геометриясын сақтауға мүмкіндік береді. Жұмысшы температуралық режимі минус 60 бастап +250⁰ С дейін.

Аталған сипаттамалар сорғының ірі өлшемді элементтерін құю талаптарын толыққанды қанағаттандырады, бұл жүргізілген зерттеулермен расталған.



Сурет 32 – Шиыршықтың сыртқы бетін құю пішіні

Шиыршықтың ішкі бетін пішіндеу үшін шиыршық корпусы үшін дайындалған құрамына сәйкес құрамды фибробетон пайдаланылады. Құрам шиыршық корпусының әрбір жартысына жеке жеке құйылады – ол үшін шиыршық жартыларын алдын ала діріл үстелінде орналастырылған және бекітілген, құйылған пішіндерге орналастырады.




Сурет 33 – Шиыршықтың ішкі бетін құю пішіндерінің жартылары

Корпустардың жартыларын келесі ретпен құяды:

- діріл үстелінде орналасқан және бекітілген шиыршық жартыларының силиконды пішіндеріне фибробетонның белгілі бір мөлшерлемесін құяды және оларға шиыршықтың ішкі қуысының үлгілерінің жартыларын сыртқы пішін шетімен жанасқанға дейін басады.

- діріл үстелін 5...6 минутқа қосады, осы кезде ішкі пішіннің сыртқыға қатысты орналасуын бақылайды.

Фибробетон қатайғаннан кейін, корпус жартыларын адгезит ұнымен қоюландырылған эпоксидті құраммен жабыстырады, қажактаспен өңдейді. Жабыстырылған корпусы гелькоуттың 2 қабатымен жабады.



Сурет 34 – Дайын шиыршық корпусы

Фибробетон материалын таңдау үшін алынған үлгілер "Хайдаромунай" ЖШС базасында 2018 жылдың 28 наурыз №266 келісім-шартына сәйкес 2018/BR05235618 «Қазақстан Республикасының тау-кен өндіру және өңдеу салаларындағы технологиялар мен өндірістерді жаңғырту» бағдарламасының аясында «Тау-кен металлургия машиналарының шағын көлемді жетекті конструкцияларын фибробетоннан дайындау технологиясын жасақтау және енгізу» жобаның орындаушысы, кіші қызметкер болып сынақтан өткіздім. Мен үлгілердің иілім мен сығымдауға механикалық сынақтарын жүргіздім. Механикалық сынақтар механика шеберханаларында стационарлы, электро гидравликалық Р-342М прессінде жүргізілді. Максималды күші 40 тонна, штоқтың жүрісі 200мм, үстел мен штоқтың арасындағы қашықтық 1000 мм.

Сынақтар үлгілердің иілім мен сығымдауға жоғары дәрежелі жұмысын көрсетті, алайда өзге механикалық көрсеткіштерді ұлғайту үшін тұтастығын және фибро құрамын таңдау қажет. *(Қосымша В)*

4.2 Фибробетон қоспаларын дайындау технологиясын жетілдіру

Фибробетон сипаттамаларының тұрақтылығын қамтамасыз ететін, негізгі факторлардың бірі материалды дайын технологиясы мен компоненттерді араластыру режимін ұстану болып табылады.

Технологиялық машиналардың бөлшектері мен түйіндерін құю үшін фибробетон қоспасын дайындау технологиясының негізіне СН 525-80 - «Фибробетондарды және олардан бұйымдарды дайындау технологиясы бойынша нұсқаулық» қабылданды, ол бойынша негізгі операцияларды жетілдірді:

- Толтырғыштар мен бітеуіштерді кептіру;
- Бітеуіштерді фракциялау;
- Қатайтқыштар мен үдеткіштерді дайындау;
- Құрамдастарын мөлшерлеу;
- Құрамдастарын араластыру.

Берілген Нұсқаулықтың 2.14 және 2.20 пунктерінде көрсетілген материалдардың ылғалдылығын – 0,5...1% қамтамасыз ету үшін толтырғыштар мен бітеуіштерді кептіруге ұшыратады. Материалдарды кептіруді термошкафта жүргізеді. Қажет болған жағдайда кептіруден кейін бітеуіштерді фракциялар бойынша елеуіште елеуге ұшыратады, содан кейін бітеуіштер мен толтырғыштарды сәйкес жинақтаушы сыйымдылықтарға тиейді. Араластырғышқа беру алдында толтырғыштар мен бітеуіштер температурасын 20+5 °С дейін жеткізеді.

Фибробетон қоспасының құрамдастарын мөлшерлеуді массасы бойынша жүргізеді, мөлшерлеу дәлдігі: шайырдың, толтырғыштың, қатайтқыштың - ± 1% масса бойынша; бітеуіштердің (құм мен шағыл тас) - ± 2% масса бойынша.

Фибробетон қоспасының құрамдастарын араластыруды екі сатыда жүргізеді:

- Мастика дайындау;
- Фибробетон қоспасын дайындау.

Фибробетон қоспасының құрамдастарын араластыру:

- жоғарыжылдамдықты араластырғышқа ФАЭД шайырының мөлшерленген көлемін беру және 10 с бойы араластыру (араластырғыштың жұмыс орнының айналу жылдамдығы 600-800 айн/мин);

- жұмыс істеп тұрған араластырғышқа толтырғыштың мөлшерленген көлемін беру және 30-60 с бойы қоспаны араластыру;

- жұмыс істеп тұрған араластырғышқа ПЭПА қатайтқыштың мөлшерленген көлемін беру және 30-60 с бойы қоспаны араластыру;

- жұмыс істеп тұрған араластырғыштан мастиканы бетон араластырғышқа 15-30 с бойы шығару.

Мастиканы жалпы дайындау уақыты 2,0 мин артық емес, ал шығарудың ескерілуімен – 2,5 мин артық емес.

Фибробетон қоспасын дайындау технологиясын жетілдіру барысында оған бірнеше өзгертулер енгізілді, ол үлгілер партиясын құю, ары қарай механикалық өңдеу арқылы зерттелді.

Фибробетон сипаттамаларына әсер ететін факторлар жеткілікті болғандықтан, басым факторларды таңдау мен олардың сызықтық модель регрессиясының коэффициенті бойынша маңыздылығын бағалау жүргізілді. Бұл қысқа жолмен оңтайлы облысқа жету үшін тәжірибелер санын жоспарлауға мүмкіндік берді. Бұл кезде Бокс-Уилсонның әдісі пайдаланылды.

Жүргізілген талдаумен орнатылғандай, фибробетон дайындау барысында ауқымды әсер ететін факторлар беріктілік сипаттамаларына әсер ететін бітеуіштер мен толтырғыштар температурасы, араластырудың жылдамдық режимі, сонымен қатар дибутилфталат пластификаторының мөлшері болып табылады.

Тәжірибелер сандық азайту мақсатында әрбір фактор үшін әрбір фактордың қадамы таңдалды. Мұнда, шағын қадамдар оңтайландыру көрсеткіштерінің өзгерісін айқындауға мүмкіндік бермейтіні ескерілді, ол ізденісті ұзарттады. Ал қадамның жоғарғы шегі факторды анықтау облысымен

шектеледі. Мұндағы қозғалыс тәжірибе ортасынан (негізгі деңгейден) периферияға (жоғарғы және төменгі деңгейге) дейін жүзеге асырылады.

Баяндалғанның негізінде тәжірибелер матрицасы құрылды, ол 4.1 кестеде келтірілген.

Кесте 16 - Тік көтерілу(шығу) сынақтарының матрицасы

Көрсеткіштер	Фактор		
	f_1	f_2	f_3
Негізгі деңгей	40	500	100(10)
Ауытқу аралығы	20	100	50(5)
Жоғарғы деңгей	60	600	150(15)
Төменгі деңгей	20	400	50(5)
Сынақ: 1	+	+	+
2	+	-	+
3	-	+	+

Ескерту:

f_1 – әсер етуші фактор- компонент температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

f_2 – әсер етуші фактор- араластырғыш жұмысының жылдамдық режимі, мин⁻¹;

f_3 – әсер етуші фактор- пластификатор қоспасының мөлшері, г (%);

Берілген матрица негізінде сыналатын құрамдар жасалды, олар 4.1-4.2 кестелерінде көрсетілген.

Тәжірибелер жүргізгеннен кейін зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңделуі жүргізіледі, бұл зерттелінген факторлардың фибробетонның беріктілік сипаттамаларына әсер ету заңдылықтарын алуға мүмкіндік береді.

Фибробетон қоспаларын дайындауды шикізат компоненттерін таңдаудан бастайды. Толтырғыш ретінде ұсақ ұнтақталған гранитті (қара және ақ, шойтас), сонымен қатар кварц құмын пайдаланады. Сынаспапта зерттелген фибробетон құрамдары 4.2 кестеде келтірілген. Бетонды арматуралау үшін диаметрі 0,6 мм және ұзындығы 22 мм (сурет 34) болат фибра таңдалды.



Сурет 34 – Болат фибра

Толтырғыштар мен бітеуіштер ылғалдылығы 0,5 ...1 % артық болмауы қажет. Бұл, ылғалды бітеуішті пайдаланғанда фибробетонның беріктілігі мен өзге қасиеттерінің күрт төмендеуімен түсіндіріледі: бітеуіш бөлшектеріндегі судық жұқа қабаты фибронды ұстастырғыштың қатаюын нашарлатады және оның оларға адгезиясын төмендетеді. Сондықтан бітеуіштер мен толтырғыштарды кептіру шкафында 80...110°С температурада кептіреді және міндетті түрде мөлшерлеу алдында қалыпты температураға дейін суытады. Синтетикалық шайыр мен қатайтқышты қолдану алдында қажетті тұтқырлыққа дейін қыздыру және еріткіш (64б, ацетон) енгізу арқылы жеткізеді.

Болат фибрамен арматураланған бұйым алу үшін келесі технологиялық операцияларды сақтау қажет:

- фибробетонның барлық компоненттерін аналитикалық таразыда зерттелінді құрамға сәйкес өлшейді (кесте 17);

- араластырғышта бітеуішті талап етілетін фибра мөлшерімен құрғақ күйде араластырады;

- одан кейін қоспаға байланыстырғышты қосады және фибробетон қоспасының біртекті құрамын алғанға дейін араластыруды жүргізеді.

Зерттеулермен орнатылғандай, фибрамен қабылданатын жүктеме үлесі барынша көп болуы үшін, фибробетонда болат фибраның көлемдік үлесі оңтайлы болуы қажет. Алайда, егер материалда болат фибраның мөлшері қажетті деңгейден жоғары болса, онда ол материал қасиеттерінің нашарлануына әкеледі, себебі қоспа фибраның барлық түйіндерін сіңіре алмайды. Нәтижесінде болат фибраның қоспамен ұштасуы азаяды, бұйымда қуыстар пайда болуы мүмкін.

Кесте 17 – Фибробетон құрамын зерттеу

№	Құрамдастары	Құрам 1		Құрам 2		Құрам 3	
		Шығыны, %	Шығыны, г.	Шығыны, %	Шығыны, г.	Шығыны, %	Шығыны, г.
1	Гранитті шағыл тас	51	1000,0	52	1040,0	-	-
2	Шойтас	-	-	-	-	51	1000,0
3	Кварц құмы	25,5	502,0	-	-	25,5	502,0
4	Кварц ұны	11	220,0	-	-	11	220,0
5	Андезит ұны	-	-	33,6	620,0	-	-
6	Фибра:						
6.1	Болат сым	3,5*	70*				
6.2	Шыны талшықты			3,5*	70*		
6.3	Анкерлі типті болат					3,5*	70*
7	Шайыр	10,6	200,0	12	240,0	10,6	200,0
8	қатайтқыш	2,0	40,0	2,4	50,0	2,0	10,0
*- + жалпы массаға.							

Жүргізілген зерттеулер көрсетуі бойынша, болат фибраның мөлшері белгілі бір қатынасқа дейін ұлғайған сайын, фибробетонның беріктілігі пропорционал ұлғаяды. Тиімдісі жалпы қоспа массасының 4,5 – 5% болат фибрасы болып табылады. Қоспаға ары қарай фибраның қосылуы, көлемде фибралар мен құрамдас компоненттердің біркелкі таралуымен гомогенді қоспаның алынуын қиындатады, бұл фибробетонның беріктілік сипаттамаларына теріс әсер етеді. Айта кету керек, фибробетон қоспасына арматуралау элементінің қосылуы құрылым түзілу шарттарының жақсаруына әсер етеді. Бұл қатынас фибробетонның беріктілік сипаттамаларын анықтау нәтижелерімен расталады.


Араластырғыштың жұмыс орнының айналу жиілігінің фибробетон беріктілігіне әсері.

Фибробетон қоспасының құрамдастарының сипаттамалары әртүрлі болады, сондықтан гомогенді қоспа алу үшін, қоспаның барлық көлемінде компоненттердің біркелкі таралуы үшін араластырғыштың жұмыс орнының жеткілікті жоғары айналу жиілігі қажет. Жүргізілген тәжірибелер оңтайлы айналу жиілігін анықтауға мүмкіндік берді.

Жүргізілген тәжірибелер араластырғыштың теріс айналу жиілігін анықтауға мүмкіндік берді, алынған заңдылыққа сәйкес (сурет 35). $\sigma = f(n)$

Кесте 18 – Фибробетонның беріктігіне компоненттерді араластыру уақытының әсер ету көрсеткіштері

n, айн/мин	200	400	600	800	1000
σ , МПа	88,1	93,8	98,2	100,8	101,3



Сурет 35 – Компоненттерді араластыру уақытының фибробетонның беріктігіне әсері

Компоненттерді араластыру уақытының фибробетон беріктілігіне әсері.


Фибробетонның жоғары беріктілік сипаттамаларын қамтамасыз ететін келесі маңызды көрсеткіш компоненттерді араластыру ұзақтығы болып табылады. Бұл көрсеткіш энергия шығыны, яғни қоспаны дайындаудың өзіндік құны тұрғысынан маңызды. Осы көрсеткішті оңтайландыру бойынша тәжірибелер нәтижелері 36 суретте келтірілген. Ұсынылған график талдауы компоненттерді араластырудың тиімді уақытын ұсынуға мүмкіндік береді

$$t = \min \sigma = f(t)$$

Кесте 19 – Фибробетоннан құйылған кептіру температурасының оның беріктігіне әсер ету көрсеткіштері

t, мин	2	3	4		5	7
σ , МПа	96,6	98,8	102,7		106,1	106,5

$$\sigma = f(t)$$



Сурет 36 – Фибробетоннан құйылған кептіру температурасының оның беріктігіне әсері


Фибробетон құймасын кептіру температурасының оның беріктігіне әсері

Фибробетоннан жасалған дайын бұйымдар қорытынды беріктілік жиынтығы үшін белгілі бір температурада кептіруге ұшырауы қажет. Жүргізілген зерттеулердің көрсетуі бойынша, кептіру температурасы беріктілік жиынтығының қарқындылығына ауқымды әсер етеді. Онымен қоса, алынған заңдылықтан көрініп тұрғандай (сурет 37), °C жоғары артық температурасы беріктіліктің айқын өсуіне әкелмейді және фибробетон бұйымдарын кептіру технологиясы үшін айтарлықтай жеткілікті $T_{\text{суш}} = \text{°C}$ $\sigma = f(T_{\text{суш}})$

Кесте 20 – Талшықты ағынның талшықты бетонның беріктігіне әсер ету көрсеткіштері

$T_{\text{кептіру}}, ^\circ\text{C}$	80	120	150	180	200
$\sigma, \text{МПа}$	80,3	84,8	101,2	100,4	97,1

$$\sigma = f(T_{\text{суш}})$$



Сурет 37 – Талшықты ағынның талшықты бетонның беріктігіне әсері

Фибра шығынының фибробетон беріктілігіне әсері

Фибробетон бұйымдарында болат фибраның пайдаланылуы осы материал бұйымдарының беріктілік сипаттамаларын арттыру үшін қызмет етеді. Фибра арматуралау элементі болып келеді және фибробетон көлемінде оның шығынына оның беріктілік сипаттамалары тәуелді болады.


Теориялық зерттеулерде, фибраның жеткіліксіз мөлшері фибробетон беріктілігін ұлғайту бойынша қажетті нәтиже әкелмейтіні орнатылды. Осы тұста фибраның артық мөлшерінде қоспа қолайлы жайылмайды, бұл бұйымның жоғары беріктілігін алуға мүмкіндік бермейді.

Фибра қоспасының тиімді шамасын орнату бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелері 38 суретте келтірілген. Олар көлемдегі фибраның тиімді мөлшерін ұсынуға мүмкіндік берді 11-12 % $\sigma = f(m)$.

Жүргізілген зерттеулер «Фибробетон дайындау технологиясы бойынша технологиялық нұсқаманы» жасауға мүмкіндік берді.

Кесте 21 – Талшықты қоспаның оңтайлы шамасының көрсеткіштері

$m, \%$	8	10	12	14	16
$\sigma, \text{МПа}$	78,3	82,7	88,9	85,1	80,3



Сурет 38 – Талшықты қоспаның оңтайлы шамасының көрсеткіші

Фибробетон қоспаларын жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыс нәтижесінде «Фибробетон қоспасын дайындау технологиясы бойынша технологиялық нұсқама» жасалды (Қосымша Б).

4.3 Корпус бөлшектерін құю технологиясын жетілдіру

ТШ талаптарына сай келетін, ортадан тепкіш сорғының корпус бөлшектерінің құймасын алудың аса маңызды моменті оларды фибробетоннан пішіндеу болып табылады. Фибробетоннан бөлшектерді құю, металдан құю технологиясынан біршама ерекшеленетінін ескере отырып, арнайы зерттеулер жүргізілді, олар фибробетон қоспаларының ерекшеліктерін ескере отырып құю технологиясын жетілдіруге мүмкіндік берді.

Құю пішіндерінің конструкциясы, оларды дайындау материалы егжей-тегжейлі берілген есептің 1 бөлімінде баяндалған.

Ортадан тепкіш сорғыларының корпустарының элементтерін пішіндеудің технологиялық процесі келесі операциялардан тұрады:

- Пішінді белгілеу және майлау;
- Арқаулы қаңқаны орнату;
- Матрицаға (пішінге) фибробетон қоспасын төсеу;
- Сорғы корпустарының бөлшектерін пішіндеу;
- Дайын бұйымдарды ойып алу.

Зерттеулермен осы операциялардың үздік нұсқалары жетілдірілді.

Пішінге фибробетон қоспасын құю алдында оларды алдыңғы циклдардың қалдықтарынан-фибробетоннан жақсылап тазалау және майлау қажет. Майлау үшін массасы бойынша (55-60):(5-10) пайыздық қатынасымен эмульсолдың ЭТ(А) графит ұнтағымен және сумен қоспасын пайдаланған орынды. Силиконды майлар немесе толуолдағы төмен молекулярлық полиэтилен ерітіндісін пайдалануға да болады.

Фибробетон қоспасын дайындаудың аяқталуы мен одан бұйымды пішіндеу арасында 10 минуттан артық емес кідірісті ұстап тұру аса маңызды.

Фибробетоннан ортадан тепкіш сорғыларының корпустарының элементтерін пішіндеу режимін орнату бойынша жеке зерттеулер жүргізілді, бұл келесіні орнатуға мүмкіндік берді.

Пішінде фибробетон қоспасының нығыздалуы, ИУС 9-1987 талаптарына сай болатын дірілді алаңдарда, міндетті түрде тербелістің тік құраушыларының қатысында жүргізілуі қажет. Тербеліс амплитудасы байланыстырғыш концентрациясына тәуелді және сынама қалыпта нақтыланады.

Діріл ұзақтығы 100 ± 30 с болуы қажет. Фибробетондар үшін фибробетон қоспасының жеткілікті нығыздану белгісі бұйым бетінде байланыстырғыштың бөлінуі мен ауа көпіршіктерінің қарқынды түзілуінің тоқтауы болып келеді.

Фибробетон қоспасының жүк арту бетіне жабысып қалуын болдырмау үшін жүк арту беті мен қоспаның арасында полиэтилен үлдірден жасалған бір рет қолданылатын төсемді немесе термоөңдеу аяқталғаннан кейін алынатын бірнеше рет пайдаланылатын металл қақпақты көздеу қажет.

Фибробетон бұйымдарының қатаюы

Пішінделген бұйымдардың қатаюы кемінде 15°C температурада және қоршаған ауаның қалыпты ылғалдылығында жүруі қажет, ММА фибробетондардан жасалған бұйымдар үшін – 3 ± 1 тәул аралығында.

Фибробетондар бұйымдарын қатайту процесін жылдамдату үшін олар термоөңдеуге ұшырауы қажет, оны құрғақ қыздыру камераларында жүргізген жөн. Құрғақ қыздыру электрқыздырғыштармен немесе бу регистрларымен жүзеге асырылуы қажет [80].

Қоршаған қалыпты алып тастағанға дейін және ары қарай термоөңдеуге дейін фибробетон бұйымдарын пішіндерде ұстап тұру ұзақтығы қоршаған орта температурасында келесідей болуы қажет:

$17 \pm 2^\circ\text{C}$ 20 сағ

$22 \pm 2^\circ\text{C}$ 15 сағ

25°C артық 8 сағ

Қалыптан алынған фибробетон бұйымдары келесі режимдер бойынша термоөңдеуге ұшырауы қажет:

Көлемі кемінде $0,2 \text{ м}^3$ фибробетон бұйымдарының термоөңделуін келесі режимдер бойынша тікелей пішіндерде жүргізу рұқсат етілген:

- 20°C ұстап тұру - 1,5 г;

- температураны $80 \pm 2^\circ\text{C}$ дейін беру – 1 г;

- $80 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада ұстап тұру – 16 г;

- температураны 20°C дейін түсіру – 4 г.

Жүргізілген зерттеулер «Фибробетоннан ортадан тепкіш сорғы корпусын (шиыршықты) құюға технологиялық нұсқаулықты» жасауға мүмкіндік берді. Бұл нұсқаулық (ҚОСЫМША А) фибробетон қоспасынан ортадан тепкіш сорғы корпустарының элементтерін құю бойынша барлық әрекеттерді регламенттеуге мүмкіндік береді және бұйымның жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

4.4 Консольді типті ортадан тепкіш сорғының 1к 20/30 тәжірибелік үлгісін стендтік сынау

Ортадан тепкіш сорғы көрсеткіштерін тәжірибелік зерттеу үшін Satbayev University «Технологиялық машиналар және көлік» кафедрасында сынау қондырғысы жасалды. Зертханалық сынақтар фибробетоннан жасалған корпуспен сорғының мерзімділік растау және оның сипаттамаларын бастапқы сорғы конструкциясымен, яғни болат корпуспен салыстыру үшін жүргізіледі.

Сынақтар үшін консольді типті ортадан тепкіш сорғыдан 1к 20/30 және қысқатұйықталған роторлы асинхронды электроқозғалтқыштан тұратын сорғы қондырғысы таңдалды. Фибробетоннан дайындалған сорғы корпусы металдық корпус орнына монтаждалған. Фибробетонды корпус сорғының өзге бөліктерімен болттық және шпилькалы жалғаулармен жалғанған. Корпустың кіре беріс және шыға беріс келте құбырларымен жалғауларын нығыздау үшін силиконды герметик пайдаланылған.

Сорғы қондырғысының жалпы түрі 39 суретте келтірілген.



Сурет 39 – Насос қондырғысының жалпы түрі


Көлемі 200 литр болатын пластиктен жасалған тұтыну резервуары ғимараттың екінші қабатында орнатылған. Еденнен резервуардың сору тесігіне дейінгі қашықтық 3,5 метр. Құбыржолы ретінде ішкі диаметрі 20 мм пластикті құбырлар пайдаланылды. Айдау және сору құбырларында су беру және ағызуды реттеу үшін шар типті крандар орнатылған. Құбыржолының айдау аймағында өлшеу құралдары орнатылған: су қысымын өлшеу үшін манометр және су шығын өлшегіші. Манометр мен шығын өлшегіштің жалпы түрі 40 суретте көрсетілген.



Сурет 40 – Өлшеу құралдары

Ортадан тепкіш сорғының сынақтары, принципиалды сұлбасы 41 суретте келтірілген зертханалық қондырғына жүргізіледі. Зертханалық қондырғы: электрсорғы агрегатын; тұщы су толтырылған айналымдық контурды; бақылау – өлшеу құралдарын қамтиды.

Электрсорғы агрегаты ортадан тепкіш сорғыдан 6 және қысқатұйықталған роторы бар айнымалы тоқты жетекті асинхронды электрқозғалтқыштан 1 тұрады.



1-электрқозғалтқыш; 2 – тахометр; 3 – су шығын өлшегіш; 4 – тұтыну резервуары; 5 – манометр; 6 – ортадан тепкіш сорғы; $K1$ – құбыржолдың сору аймағындағы клапан; $K2$ – құбыржолдың айдау аймағындағы клапан.

Сурет 41 – Сынау қондырғысының принципиалды сұлбасы

Айналым сұлбасы тұтыну багінен 4, $K1$ клапанымен келтурі құбыржолынан, $K2$ клапанымен бұру құбыржолынан тұрады. Қондырғыда келесі бақылау-өлшеу құралдары орнатылған:

- тахометр 2 – сорғы білігінің айналым жиілігін бақылау үшін n ;

- су шығын өлшегіш 3 – сорғымен су мөлшерін өлшеу үшін;
- манометр 5 – сорғыдан шыға берісте судың артық қысымын өлшеу үшін;

Бактегі 3 су сору құбыржолы бойымен тиек қысымтығы К1 арқылы сорғыға 6 түседі, жұмысшы дөңгелек арқылы өтеді және арынды құбыржолына тасталынады, шығын өлшегіш 3, тиек қысымтағы К2 арқылы өтеді және тұтыну резервуарына қайтады.

Сорғыны іске қосу алдында клапаны К1 ашық күйде, К2 - толық жабық болу қажет.

Сорғыны сынау кезінде алынған сипаттамалар, сорғының эксплуатациялық қасиеттерін анықтайтын негізгі техникалық құжат болып табылады. Олар сорғының техникалық паспортына қосымша болады. Берілген айналу жиілігінде сорғының сипаттамалары бола отырып, және пропорционалдылық теңдеуін пайдалана отырып, әртүрлі айналым жиілігінде, сонымен қатар оның өлшемдерін өзгерте (модельдей) отырып, оның сипаттамаларын тұрғызуға болады.

Тәжірибелер келесі ретпен орындалады.

Сорғыны дайындау және іске қосу:

- келтіру және бұру құбыржолдарында К1 клапанын толығымен ашу және К2 клапанын жабық қалдыру (сурет 42). Сорғы сумен толтырылады. Ескеру қаюет, электрқозғалтқыштың іске қосу кезі шекті шамаға ие болады. Электрқозғалтқыштың артық жүктелуін болдырмау үшін, ол толығымен жабық клапанда К2 іске қосылу қажет.

- амперметр және тахометр көрсеткіштерін қадағалай отырып, сорғыны әске қосу. Іске қосу тоғының шамасын жазып алу.

Жұмыс барысында қызмет көрсету:

- 2 минут өткеннен кейін іске қосу мерзімі аяқталды, ал сорғының жұмыс режимі орнатылған деп санауға болады;

- сорғының жұмыс істеу барысында құралдар: манометр, амперметр, және тахометр көрсеткіштерін бақылау. Құралдар көрсеткіштерінің күрт өзгеруі сорғы жұмысының дұрыс еместігін көрсетеді.

Сорғы сипаттамаларының өлшеуін орындау:

1. Алдымен жабық К2 клапанында өлшеу жүргізу, бұл кезде $Q = 0$.

2. Кейінгі өлшеулерді К2 клапанының бірнеше аралық орналасуында жүргізу қажет. Толығымен ашық К2 клапанында соңғы өлшеулерді алады. Жалпы өлшеулер саны 5...10 аралығында болу қажет.

3. Әрбір өлшеу барысында келесі құралдар көрсеткіштерін жазу:

- манометр 5 бойынша артық қысымды;

- шығын өлшеуіш 3 бойынша сорғыны беру;

- тахометр 2 бойынша қозғалтқыш білігінің айналу жиілігін n .

4. Тәжірибе барысында алынған құралдар көрсеткіштерін алдын ала дайындалған кестеге түсіру.

Сорғы тоқтатылуы:

- К2 клапанын толығымен жабу қажет;

- сорғыны тоқтату;

- К1 клапанын толық жабу;
- стендті қоректендіргіштен өшіру.

Сынақ нәтижелерін өңдеу:

1. Фибробетонды және металл корпусы сорғылар үшін жоғарыда сипатталған әдістеме бойынша көрсеткіштер есебін жүргізу.

2. Берілген $n = \text{const}$ кезінде $H = f(Q)$, $N_{\text{потр}} = f(Q)$, $\eta = f(Q)$ сорғы сипаттамаларын тұрғызу, ол үшін пропорционалдылық теңдеулерін қолдану

$$Q_i = Q \cdot n_i/n, \quad (4.1)$$

$$H_i = H \cdot (n_i/n)^2, \quad (4.2)$$

$$N_i = N \cdot (n_i/n)^3, \quad (4.3)$$

Ол берілген сорғы үшін, белгілі Q, H, N және n шамалары бойынша n_i айналу жиілігінде берілісті Q_i , арынды H_i және қуатты N_i анықтауға мүмкіндік береді.

3. Сорғының оңтайлы жұмыс режимін анықтау және соған сәйкес $Q, \eta, N_{\text{потр}}, H$ шамаларын жазу.

4. Алынған екі әртүрлі корпустарымен сорғы сипаттамаларын салыстыру және фибробетонды корпуспен сорғы жұмысына баға беру [81].

4.5 Өндірістік шарттарда фибробетонды корпуспен ортадан тепкіш сорғының гидравликалық сынақтарын жүргізу

Фибробетонның оңтайлы құрамын анықтау бойынша жүргізілген зерттеулер және фибробетоннан ортадан тепкіш сорғылар корпустарын дайындау технологиясын жетілдіру, корпусы фибробетоннан жасалған консольді типті ортадан тепкіш сорғының 1к 20/30 сынақты үлгілерін дайындауға мүмкіндік береді. Күнгізбелік жоспарға сәйкес «Алматы ауыр машина жасау зауыты» АҚ шарттарында фибробетонды корпуспен ортадан тепкіш сорғының гидравликалық сынақтарын жүргізілді.

Сынақ қондырғысын құру үшін 1к20/30 насос қондырғысы пайдаланылды, ол «ААМЗ» АҚ шарттарында сынақ қондырғысына қосылған.

4.5.1 Сынақ қондырғысы

Қондырғы (стенд) қазіргі тағда сумен қамтуда қолданылатын ортадан тепкіш сорғыларына сынақтар жүргізу үшін арналған. Қондырғыда суменқамтуды автоматтандыру кезінде пайдаланылатын жеке құрылғыларға зерттеу жүргізу мүмкіндігін береді. Қондырғыда келесіні анықтауға болады:

- потенциометриялық деңгей бергіш сипаттамаларын;
- электромагниттік реле сипаттамаларын;
- ортадан тепкіш сорғының жұмысшы сипаттамаларын;
- әртүрлі әдістермен сұйықтық шығынын;

- қысым релесінің құрылғысын және температура мен қысым өлшеу құралдарын зерттеуге, қысым релесінің іске қосылу шегін анықтауға, температура мен қысым өлшеуді жүргізуге [82].

42 суретте сынақ қондырғысының жалпы түрі көрсетілген.



Сурет 42 – Сынақ қондырғысының жалпы түрі

Қондырғы келесі негізгі құрылғылардан тұрады:

1 – сорғы қондырғысы, құрамына консольді типті ортадан тепкіш сорғы 1к20/30 (Н) және жетекті электрқозғалтқыш кіреді;

2 – пневматикалық бак (ПБ);

3 – гидравликалық басқару модулі (МГУ);

4 – электрлі басқару модулі;

5 – жоғарғы гидробак (Б2);

6 – потенциометриялық деңгей бергіш (ДУ);

7 – жоғарғы гидробакта су деңгейін көрсеткіш (УУ);


8 – төменгі гидробак (Б1);

9 – төменгі гидробакта су деңгейін көрсеткіш (құбырлы көрсеткішке алмастырылған);

10 – қондырғы рамасы.

Сынақ қондырғысының тиімділігін бағалау өндірістікке жақын шарттарда ортадан тепкіш сорғы көрсеткіштерін тіркеуге негізделген.

Фибробетонды корпустың сорғы агрегатының қалған бөліктеріне жалғайтын өлшемдер 43 суретте келтірілген қалыпты сорғы өлшемдеріне сәйкес келу қажет.



L	l	l ₁	l ₂	l ₃	a	a ₁	b	b ₁	B	B ₁	B ₂	h	h ₁	f	H	H ₁	H ₂
46	12	11	9	5	19	140±0.	16	130±0.	27	16	9	1	2	8	27	12	
6	0	5	1	0	5	7	0	7	5	3	8	2	8	0	0		


d	d ₁	d ₂	n	n ₁	d ₃	D	D ₁	D ₂	D ₃	D ₄	D ₅	D ₆	D ₇	D ₈	Масса, кг
25	14	14	4	4	25	160	65	130	100	40	80	100	130	125	30,5

Сурет 43 – Ортадан тепкіш сорғының 1к20/30 габариттік және жалғану өлшемдері (бастапқы конструкция)

Конструкциялық аяқталған құрылғы болып келетін гидравликалық және электрлік басқару модульдері тіркелетін шамаларды басқару, өлшеу және қондырғы жұмысын бақылау үшін арналған [83].

40 суретте қондырғының гидравликалық сұлбасы келтірілген (осы сұлба гидравликалық басқару модулінің алдыңғы панелінде көрсетілген). Гидравликалық басқару модулінің корпусында, гидравликалық сұлбада штрихпунктир сызықпен белгіленген тіктөртбұрыш ішінде көрсетілген барлық құрылғылар орнатылған. Бұл келесі құрылғылар:

- КО – кері клапан;
- РД – қысым релесі;
- В1...В5 – вентильдер;
- П – су тұтынушысын келтіруші;
- Т – температура датчигі;
- РА – шығын өлшеуіш;
- МН – манометр.



Сурет 44 – Сынақ қондырғысының гидравликалық сұлбасы

Қондырғының электрлік сұлбасы 45 суретте келтірілген (осы сұлба электрлік басқару модулінің алдыңғы панелінде көрсетілген). Сұлбада белгіленген:

ДУ – потенциометриялық деңгей бергіш (жоғарғы гидробакта орнатылған, 4.16 суретте 6 орын);

ЭМР – электромагниттік реле;

РД – қысым релесі (гидравликалық басқару модулінің корпусында орнатылған);


ЭД – гидросорғының жетекті электрқозғалтқышы;

РН – жүктеме кедергісі;

А, V, W – амперметр, вольтметр, ваттметр сәйкесінше;

HL2 – жарық индикация шамы.

Электрлі жүйенің қоректену кернеуі 220 В, тоқ айнымалы, 50 Гц. Потенциометриялық деңгей бергіштің қоректену кернеуі – 12 В, тоқ тұрақты.



Сурет 45 – Сынақ қондырғысының электрлік сұлбасы

4.5.2 Ортадан тепкіш сорғының стендік сынақтарын жүргізу әдістемесі
Сынақтар бірдей шарттарда фибробетонды және металды корпус қондырғысында жүргізілді.

Жұмысқа орнатудың дайындық жұмыстарынан кейін:

1. Стендтің электр қорегін қосу керек. Ол үшін электрлік басқару модулінде «СЕТЬ» тумблерін жоғары қарай орнату қажет. Сорғыны SA2 тумблерімен қосады.

2. Сорғының жұмысшы сипаттамаларын анықтау бойынша тәжірибелік зерттеулер жүргізу керек. Алдымен, В2 вентиляге әсер ете отырып, сорғыны күшейтетін максималды қысымды (манометр бойынша МН) анықтаймын. Содан кейін, сорғы қысымының өзгеру аралығын 5 аралыққа бөліп, 6 сынақ жүргіземін. Әрбір сынақта қысым тұрақты болу қажет. Бірінші сынақты сорғының минималды қысымынан бастаған жөн (яғни сорғы жұмыс істейтін желінің минималды кедергісінде) [84].

Әрбір сынақта өлшеу қажет:

1. Сорғыдан шыға берістегі қысымды p_n (манометр бойынша);

2. Су көлемінің W шығын өлшеуіш арқылы өту уақытын t (W көлемін беру қажет, мысалы, $W = 0,01 \text{ м}^3$ (10 дм³)).

3. Электрқозғалтқышқа келтірілетін қуатты $N_{ЭЛ}$, (ваттметр бойынша) (қуатты анықтау кезінде ваттметр көрсеткішін 100-ге көбейту қажет, сонда қуатты ваттпен аламын). Өлшеу нәтижелерін 4.7 кестеге түсіру қажет.

Фибробетонды корпуспен сорғы сынағын аяқтағаннан кейін осыған ұқсас металды корпуспен сынақтар жүргізіледі.

4.5.3 Нәтижелерді өңдеу

Зерттеулер нәтижелерін өңдеу кезінде келесі рұқсат етулер қабылданған:

